



# АЛАШШЫЛ ЖАС

*Студенттердің әдеби-танымдық журналы*



«Ардақты ай,  
алдына барсам...»


«Қашан, қайын,  
жетеді жаз?»





### Меншік иесі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны



Ұлылардың мұрасы  
да, мұраты да, атақ-  
даңқы да, мерейтойы  
да – кейінгіге үлгі.  
Ал үлгіге қарап  
ұрпақ өседі.

*Н.Ә. Назарбаев*



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	4
---------------	---

### ЗЕРТТЕУ: АЛАШ РУХТЫ ӘДЕБИЕТ

Әлімтаева С., Адылбекова Ф. «Ардақты ай, алдыңа барсам...».....	6
Дәуітәлі Г. «Қашан, қайың, жетеді жаз?».....	10

### ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ДАРА ҚЫЗДАРЫ

Көне түркі кезеңдерінің әйелдері.....	14
Түркі-ислам кезеңінің әйелі.....	15

### КЕШЕГІ СТУДЕНТ – БҮГІНГІ АҚЫН

Қыздар университетімен құрдас ақын.....	16
Дара талантты айтыс ақыны.....	18

### ПОЭЗИЯ

Тұрғанбекұлы Н. Арнау өлеңдері.....	20
Тұрсынбекұлы Ы. Арнау өлеңдері.....	21
Сағидолла Қ. Арнау өлеңдері.....	22
Асыл Е. Арнау өлеңдері.....	23
Нұржауова А. Жыр күнделігінен.....	24

### ПРОЗА

Солтанбаева Т Үмітімді үзбеші .....	26
Қожанов О. Ауыл тіршілігі .....	30

### ДРАМАТУРГИЯ

Қабылденова Қ. Махаббат шырғалаңы.....	31
--	----

### ИМАНИ ГҮЛ

Батырханова Г. Хиджаб киген дұрыс па?.....	47
Өмірзақова А. Жаратылыс құдіреті.....	49

### ЖАСТАР КӨЗІМЕН

Рэп туралы көзқарас.....	51
--------------------------	----



**Динар Жүсіпәліқызы Нөкетаева**  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық  
университетінің ректоры

### **Әз Наурыз құтты болсын!**

Құрметті студенттер!  
«Алашшыл жас» журналының оқырмандары!

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күнімен, қасиетінен Самарқанның көк тасы жібiген, шығыстың Жаңа жылымен құттықтаймын!

Жер ана жылынып, күн мен түн теңелген күн – ұлағатты ұлтымыздың ғасырлар қойнауынан өз бояуын жоғалтпай келген ұлы құндылықтарының бірі де бірегейі, бағзы замандардан ұлтымыздың төл мерекесі, қала берді күллі түркі жұрты тойлайтын ұлыстың ұлы күні, наурыз мерекесі!

Қытымыр қыстың қыспағынан шығып, барша тіршілік атаулыны шүлен шұғыласына шомылдырған, көңілдерге гүл егіп, жүректерге жыр егіп, адамның ішкі әлемінің терең қатпарларындағы балауса сұлу ойларды оятатын наурыз айы, наурыз күні ата дәстүрімізден аса қасиетті. Ата-бабамыз «мал тұяғы көкке, адам аузы аққа жетіп, ырыстың басы келді» деп әз Наурызды асыға күткен.

Ғажап күнім бас иетін, қазақтығым қасиетім дейтін ұлтымыз аспаннан күннің нұры жауған наурыз күні сөздің де нұрын жаудырған. Ата дәстүр бойынша, осы күні «ақ көп болсын, арпа-бидай мол болсын, жаңбырлы-жауын берекелі болсын, айдан аман, жылдан есен өтейік, ақсақалдан бата алып, көктемде көктей берейік» деген ниетпен тек жақсы тілектер айтылып, асыл сөзді аталар мен ақ жаулықты аналар, көпті көрген даналар батасын берген. Бабаларымыз бұл күні мал-жанның амандығымен қатар, табиғат анаға да тағзым еткен.

Ойсыл қараң жоталы болсын,

Жыл құрғатпай боталы болсын.

Қамбар атаң құлынды болсын,

Зенгі бабаң сүтті, Шопан атаң құтты болсын! -

дей келе:

Ай – тәңірің іркілмесін,  
Күн – тәңірің күрсінбесін!  
От – тәңірің көз ілмесін!  
Су – тәңірің безінбесін!  
Ұлыс ұлы тойлы болып,  
Елім өсіп, өркендесін!  
Ұл менен қыз бақты болсын,  
Кешер ғұмыр жақсы болсын! –

сынды тілектер наурыз күні айтылса, қабыл болып, ел үміті ақталар, ел бірлігі сақталар, ақ мол болар, қайда барса жол болар деп түсінген. Алдымен ауыл-үйді тазалап, отпен аластау, жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжау, жеті дәмнен дәстүрлі ұлттық наурызкөже ұсыну, аяғын аққа толтыру, ескіні тастап, таза, жаңа кию, жақсы тілекпен, жақсы ниетпен төс қағыстыра амандасу, бұл күндері жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау ету, кембағал, мүгедектерге қарасу, жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап беру, жастардың «ұйқы ашар», «селт еткізерімен», түрлі жоралғы сый-гартуларымен коса, алтыбакан басында ән айтып, күй тартып, дәстүрлі ұлттық ойындармен атқан таңды қарсы алу сынды наурызнама аталатын сан түрлі шаралар ғасырдан ғасырға, атадан балаға мұра болған ұлттық, адамзаттық асыл құндылықтар екендігі даусыз.

Бұл күн астрономиялық күштердің теңдесіп, күн шапағының молая түсетін сәті, аспан денелерінің таразы басының тең түсуінен әлемде ризық сезім артып, табиғат пен әлеуметтік қоғам арасындағы үйлесімді қарым-қатынас орнайтын кезен.

Наурыз мейрамының ең асыл қасиеті жанару идеясында жатыр, осылайша ел арасына түскен кикілжің кешіріліп, ежелгі бауырлас жұрт дастарқан басында табысқан. Қоғамдық дипломатия салтанат құрған. Наурыз – ұлт пен ұлысты біріктіретін, ағайын-туысты жақындастыратын ынтымақ-береке бастауы, достық, ізгілік, туыстық, бауырмалдық сынды адам бойындағы ең ізгі қасиеттер қозғалатын күн нұрындай жылы мереке.

Наурыз – ана сүтімен, салт-дәстүрімізбен бойға сіңген салтанатқа толы сұлу мереке, Әз Наурыз деп аты айтқандай, ең әзиз, ең ізгілікті, ең қасиетті мереке.

5-6 мың жылдық тарихы бар, парсының «жана күн» ұғымын білдіретін наурыз мерекесі шығыста 9 күн тойланған деген түсінік бар. Ал 2010 жылдан бастап, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы «Халықаралық Наурыз күні» қарарына сәйкес, 21 наурызды Халықаралық Наурыз күні ретінде бекітіп, әлем жұрты тойлайтын нағыз азаматтық, нағыз адамзаттық мерекеге айналды.

«Наурыз күні көзі ашылған бұлақтың суы сарқылмайды, егілген талдың жемісі таусылмайды, айтылған тілек орындалады, қалай қарсы алсаң, солай жыл өтеді» деп иланған халқымыздың төл мерекесі – Әз Наурыз құтты болсын!

Еліміз бен Елбасымыз аман болсын! Тәуелсіздігіміз баянды болсын! Жаңа жыл бақыт жылы болсын! Ел дегенде еміренген, тіл дегенде тебіренген жастарымыздың жолы болсын! Күніміз ұлысты, жеріміз ырысты болсын! 70 жылдай тарихы бар қара шаңырағымыз өсіп-өркендей берсін! Қыз тілеуі – ел тілеуі емес пе, елімізде көш бастап, әлемдік білім кеңістігінде еркін жүземіз деген тілегіміз орындалсын! Әрбір шаңырақта қуаныш, молшылық, береке-бірлік, амандық болсын!

Студент жастарымыздың тырнақалды ғылыми еңбектері мен әдеби шығармашылығы жарық көргелі отырған ресми тіркеуден кейінгі алғашқы журнал саны наурыз мерекесімен қатар келгендігі көңіл қуантады.

Құрметті алашшыл жастар! Сіздерге ақ жол тілей отырып, қашан да қадамдарыңыз құтты, талаптарыңыз нұрлы болсын демекпін!



### «Ардақты ай, алдыңа барсам...»

Осыдан бір ғасыр бұрын ұлттық баспасөзіміздің бірі «Қазақ» газетінің дүниеге келгеніне өзгеден бұрын жүрегі жарыла, бөркін аспанға лақтыра қуанған Сұлтанмахмұт Торайғыров «Міне, алақай!!!» деген өлең жазды. «Қазақ» газетінің 1913 жылы 1 наурыздағы санында жарияланған бұл өлеңінде:

Қаранғы, тұман түнде еді  
Қара қазақ баласы.  
Ай мен күн һәм жұлдыз жоқ,  
Жым-жырт сахара даласы... –

деп, акын ең алдымен «XX ғасыр басына» дейін өзінің газет-журналдары жарық көрмей, «қаранғы, тұман түнде» ғұмыр кешкен халқын суреттеуден бастайды. «Қаранғы түннің қарасы» қазақтарды қалай «жасытқанын» да жасырмайды.

«Жиырмамыншы ғасыр басында, Міне, Алланың панасы!» деп қазақ өміріне енген жарқын құбылыстарға шаттанған акын одан әрі өлеңінде былай дейді:

Бір жағынан «Ай» туып,  
Бір жағынан «Күн» туып,  
Жарық көрді Алашы.  
«Шолпан»-нан үміт тағы да,  
Біріксе елдің данасы.

Сұлтанмахмұттың бұл арада «Ай» мен «Күн» деп ұлттық баспасөзіміздің қос жарығы болған «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетін нұсқап отырғаны белгілі. Ал «Шолпан» деп отырғаны 1911 жылдың наурыз айынан 1913 жылдың шілде айына дейін біресе жабылып, біресе шығып тұрған «Қазақстан» газеті еді. Бұл туралы «Қазақ» /1913, №2/ газетінде басылған «Қазақстан» газетасы» деген шағын мақаламен таныс, яғни, ондағы «Уралск қаласында он шақты нөмір шығып тоқтаған «Қазақстан» жаңадан шыға бастады. Уралскіде 27 шақты оқымысты қазақ жастары, ішінде Бақытжан Қаратаев бар, бас қосып, «Қазақстан» шығарып жүргізіп жіберу турасында кеңеседі...» деген хабарды оқыған Сұлтанмахмұт «біріксе елдің данасы» деп «Қазақстанның» да жабылып қалмай шығып тұруына ниеттестігін білдірген еді. Сөйтіп, «Бұл үшеуі тізілсе, Бейне қолдың саласы» екенін де ескертеді.

Көңіл менен көзді ашып,  
Алға сүйреп барады.  
Бұл жарықтар барында,  
Кім адасып қалады? –

деп ұлт мүддесін ойлайтын қазақ баспасөздерінің барында халқының да жағдайы түзелетініне кәміл сенген акын өлеңін осылайша түйіндейді.

«Қазақ» газетін дүниеге әкелген 1913 жылды зор үмітпен қуана қарсы алған Сұлтанмахмұт көп ұзамай өзінің ойлағандары жүзеге аспағандығына, яғни, сол уақытта қоғамды ақпараттандырып, халықты оқу-білімге, бірлікке шақырып отырған баспасөздер, оның ішінде «Қазақстан» газеті жабылып, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің арасында өзара түсінбеушіліктен біршама айтыстың етек алғанына қынжылады. Осы өкініштерін сыртқа шығару үшін Сұлтанмахмұт бірнеше өлең жазып, оны «Айқапка» жариялайды да.

«Бас қосу» туралы мәселеден басталған түрлі келіспеушіліктер алаш зиялыларының арасындағы алауыздықтарды тудырғаны екі баспасөздің өзара айтыстарын зерттеген ғалымдар еңбегінен де белгілі. Алайда сол дау-дамайға қатысты «Айқап» пен «Қазақта» жарияланған хаттар мен мақалаларды оқығанда іштей сезіп, ұғынған болып отырсың да әйтеуір бізге белгісіз бір шындықтың барын түсінесің.

Ал 1913 жылдары сол «бас қосудың» неден шыққандығы, оның кім үшін және қаншалықты қажеттілігі болғаны туралы тарихи шындықты Сұлтанмахмұт «Айқапта» /1913, №20/ жарияланған «Кешегі түндегі түс, бүгінгі іс» деген өлеңінде тұспалдап айтып кеткен екен. Ақынның өзі де өлең соңында «Әркімдер тілегінше жори берсін» деген екен. Олай болса, осыөлеңнің құпиясын ашуға тырысып көрейік.

Сұлтанмахмұттың 31 шумақтан тұратын өлеңін екі тақырыпқа бөліп, яғни «кешегі түндегі түске» 14 шумағы, «бүгінгі іске» 17 шумағы бойынша талдау жасаймыз. Алдымен «кешегі түндегі түске» тоқталсақ, акын өлеңін «Жіп-жиі көкте жұлдыз жымдасқандай, Күлімдеп, айға карап ымдасқандай» деп бастайды да солардың ішіндегі төрт жұлдызды ерекше атап өтеді. Бұл арада акын аспандағы айды Ресей патшалығына балап, онымен жымдасқан жұлдыздарды сол мемлекетке карасты 2000-нан астам газет-журналдарды нұсқап отыр. «Қазақ» /1913, 2 ақпан, №1/ газетінің бірінші бетінде басылған «Құрметті оқушылар» деген мақалаға сүйенсек, Ресей мемлекетінде шығып тұратын газет-журналдар 1907 жылғы санағы бойынша 2173 екен.

Ал «толықсып тобын жазбай түрленіп» тұрған «екі-екіден босағадағы төрт жұлдызы» – 1913 жылы қазақ оқушылары үміт артқан төрт басылым: «Айқап» (1911, Троицк), «Қазақстан» (1911, Орал), «Қазақ» (1913, Орынбор), «Ешім даласы» (1913, Петропавл). Сондай-ақ акын мұнда «нұрсызы нұрлысынан азық» алатынын да, яғни, басылымдардың бір-бірінен материалдар алып отыратындығын, сапасы жағынан да олардың біркелкі еместін айтып өтеді.

Сұлтанмахмұт одан әрі «Шолпансып ерте туып Есекқырған (Сартты да соған сеніп құдай ұрған)» деп қазақ баспасөздерінің тарихына көз жібереді. Бұл арада «Есекқырған» деп 1907 жылы бір саны шығып жабылып қалған қазақтың тұңғыш ұлттық газеті «Серкені» меңзеп отыр. «Айқаптың» 1911 жылғы бірінші санында басылған М.Сералиннің кіріспе мақаласында да «1907 ж. II Мемлекеттік думаның жиынымен Шәһмәрден Қошығұлов «Серке» есімді журнал шығара бастап еді. Ұзаққа бармай, үкімет тарапынан тоқтатылды» деген мәлімет көрсетіледі. Жалпы, «Серке» газетінің Петерборда 1906 жылдан бастап жарық көрген «Үлфаттың» қосымшасы болып шыққаны белгілі. «Серке» жабылғаннан кейін көп ұзамай «Үлфат» та жабылады. Татар баспасөздерінің тарихына сүйенсек, 87 саны шыққан «Үлфат» 1907 жылы 9 июньде патша әкімшілігінің бұйрығымен жабылып, шығарушылары да жауапқа тартылған екен. Сұлтанмахмұттың «Сартты да соған сеніп құдай ұрған» деуі де осыдан еді.

Акын әрі қарай «Ұмтылып ойға, қырға октай ағып» отар елдерін қырағылықпен бағып тұрған айдың, яғни, орыс патшалығының «Ел-жұртым тұр дегендей әлде нағып, Аралап ақырындап маң-маң» жүзген бейнесін суреттейді.

Одан әрі «шеттеп жүрген Қарақшы жеті жұлдыз» бен «соларды андығандай үніліп» әрі «түн жақтан қолын бұлғап» тұрған Темірқазыққа тоқталады. Бұл арада акын «Темірқазық» жұлдызын Ресей Мемлекеттік Думасына, «Қарақшы жеті жұлдызды» Ресей Мемлекеттік II Думасына сонғы рет қазақтан сайланған жеті депутатты нұсқап отырған сияқты. Тарихи деректерге сүйенсек, мәселен, «Алаш қозғалысы» /2008/ атты кітапта «1907 жыл, 20 ақпан-3 маусым – Ресей Мемлекеттік II Думасы жұмыс істеді. Оған қазақтан М.Тынышбаев, Т.Алдабергенов, Ш.Қосшығұлұлы, Б.Қаратаев, Б.Құлманов, А.Бірімжанов, Т.Нұрекенов мүше болды» (272-б.) деген мәлімет беріледі. Және де осы қазақ депутаттарының Ресей Мемлекеттік III Думасына мүше бола алмай «шеттеп» қалғаны, ел-жұртты үміттендіргендей амалсыз «алдап күліп», «құр сырттан жылтырап» көрінген іс-әрекеті айтпак ойымызды дәлелдей түседі.

Сұлтанмахмұт одан әрі «Айқайлап: «тан мынау», – деп Шолпан туып, Өзгеден алты Үркердің түсі суық» дей келіп, «бір-біріне нұр шашып жаудырлаған жарық жұлдыздарға» да қызыға қарайды. Енді бұл арада жарқ етіп 1911 жылы жарық көрген қазақтың тұңғыш журналы «Айқапты» «Шолпан» жұлдызына балап отырғаны айдан анық. Ал «өзгеден түсі суық алты Үркері» кімдер? Және де олар өлеңнің соңына дейін «жеті қарақшыға» карағанда қолында билігі бар жұлдыздар бейнесінде көрінеді. Біздіңше, «алты Үркер» – 1912 жылғы Ресей Мемлекеттік IV Думаға мүше болған мұсылман халықтарының 6 өкілі: Уфа губерниясынан сайланған И.Ахтямов, Уфа губерниясынан сайланған Г.Байтереков, Уфа губерниясынан сайланған Қ.Тевкелев, Қазан губерниясынан Г.Еникеев, Баку губерниясынан М.Жапаров, Самара губерниясынан М.Мангалиев. Алайда, қазақ елінің тағдырына тікелей қатысы бар осы Ресей Мемлекеттік IV Дума, ондағы 1912 жылдың 12 қарашасынан 1917 жылғы 26 ақпанға дейін қызмет еткен алты мұсылман депутатының қазаққа жасаған пайдасы туралы толығырақ мәліметті іздегенде, өкінішке орай, қазақ тарихы туралы қазіргі зерттеу еңбектерден ешқандай кездестіре алмадық.



«Айқап» 1911 жылы жарық көргеннен бастап ел жағдайындағы әр түрлі мәселелерді көтеруі өз алдына, Ресей Мемлекеттік IV Думаға қазақтан депутат сайлану керектігін дамыл таппастан насихаттай бастады. «Бізге не істеу керек?» /1911, №6/ деген мақалада арнайы бағдарлама жасап, қазаққа қажеттілерді тізген кезде «Мемлекет думасында қазақтың мүддесін айтып, өкіметке жеткізіп отыратын депутаттарымыздың болуы» дегенді баса енгізген болатын. Тіпті, мұны А.Байтұрсыновтың «Қазақ хәм 4-ші Дума» /1912/ мақаласындағы «Айқап» оқушыларға мағұлым: төртінші Думаға қазақ депутаттық сұрау керек деп жазылғаны» деген мәліметтен де аңғарамыз. Сондай-ақ осы мақалада «...3-ші июнь законы бойынша қазақтар бұл Думаға да депутат жіберу хұққынан мақұрым. Хал мүшкіл: соңғы жер проекткі қаралғанда қазақтардан өкіл болмайды, басқа өкілдер олардың халін жақсы түсіндіре алмайды...» деп жазылады. Демек, өздеріне сенімсіз караған «Айқаптың» бұл қылығын басқа ұлттан болған депутаттардың жақтыра қоюы екі талай. Тіпті, «өзгеден алты Үркердің түсі суық» болып көрінбей қайтсін.

Енді Сұлтанмахмұт «Жел қуып жапа шеккен сорлы бұлттың» тағдырын баяндауға көшеді. Бұл арада акынның «жел» деп отырғаны қазақ жеріне қаптап қоныс аударған қарашекпенділер болса, «жапа шеккен сорлы бұлтты» сол мұжықтардан зәбір көрген көшпелі қазағы еді.

Жер мәселесі сол уақытта барлық қазақ жұртының жүрегін сыздатқан ең бір ауыр да жанды мәселесі болғаны белгілі. Өйткені «Қазақ ССР тарихының» мәліметі бойынша «1893 жылдан 1905 жылға дейін, яғни, 12 жылдың ішінде қазақ халқынан 4 млн. десятинадан артығырақ жер тартып алынса, 7 жылдың ішінде 1906 жыл мен 1912 жыл аралығында 17 млн. десятинадан астам жер тартып алынды» (418-б.). Бұл, әрине, патша үкіметінің басшысы Столыпиннің аграрлық саясатының белсенділікпен жүзеге асырылғанының белгісі. Төртінші Думада да қазақтан депутат сайланбауы, әр жерден келген мұжықтар мен хахолдар, тіпті, орыс байларының ең шұрайлы қазақ жерлерін өз білгенінше бөліске салып, ұзақ мерзімге жалға алуы, заңды тірек етіп білгенін істеп жатуы, әсіресе, көзі ашық қазақ зиялыларының жанына аяздай батты.

Өленде әрі қарай «сорлы бұлт Айға арыз айтпақ болып» ниеттенеді:

«Ардақты ай, алдына барсам, – деді –  
Ортаға нақақтықты салсам, – деді.  
Үркер мен желден келген қорлықты айтып,  
Теңдікті сол арада алсам», – деді.

Осылайша, акын жер мәселесі жөнінде заңды қарайтын Дума депутаттары мен оны жүзеге асыратын қоныс аударушылар органдарының жауапсыз іс-әрекетін патша үкіметіне жеткізгісі келген қазақ зарынан хабардар етеді. А.Байтұрсыновтың «Орынбор. 13-ші Октябрь» /Қазақ, 1913, №36/ деген мақаласындағы «Қазақтың дүниеда болған-болмағанымен жұмысы жоқ депутаттар, хукімет кіргізген проект қандай болса да, жарайды деп қабыл ете салады. Қазақ үшін ойланып бастарын ауыртпайды...» деген мәліметтер де акын сөзінің шындығын дәлелдей түседі.

Өленде енді «сорлы бұлттың» Айға арызданбақ болғанын «естіп алты Үркердің түсі жаман» болады. «Сол арада шақшиып, бұлан-талан» ашуланған «үркерлер» оларды тоқтатпаққа қам жасайды. Өйткені «Бұлтты енді тоқтатпаса айыбы ашылар, Алдыңғы оған қылған ісі жаман» дегенді ескертеді акын. Алайда, сол заманда өмір сүрген қазақ зиялыларына ғана аян, яғни, осы «үркерлердің» қазақтарға жасаған «алдыңғы жаман ісі» бізге түсініксіз. Бәлкім, қазақ жұртының жай-күйі Үшінші Думада да ескерілмегендігін мезеп отырған шығар. Мәселен, мұны Ө.Бөкейхановтың «Төртінші дума хәм қазақ» /«Қазақ», 1913, №19/ деген мақаласындағы «Біз Сібір депутаттары үшінші думадан бергі, міне жеті жыл переселен мұжыққа жер алғанда қазақтың хәм бурятдың ең жақсы жерін алып, бұларға жер қалдырмай отырсың деп зарлап келеміз...» деген Забайкал депутаты Волковтың сөйлеген сөзінен берілген үзіндіден де аңғаруға болады.

Акын одан әрі «қозғалтып қол-аяғын сермей», «ақырын өрлеп» келе жатқан бұлтты «алдынан әкімдетіп Үркер қысқанынан» айтады. Содан соң «малтығып жүрген сайын терлей берген» әлгі бұлттың шарасыз халі суреттеледі:



Мұнайып: «Үркер аға, қыспа, – деді, –  
Мен сорлы аяқ-қолым қысқа, – деді,  
Біз-дағы ай астында жүрген жан ғой,  
Тең қылып өзіңменен ұста»,– деді.

Жіберді Үркер сонда ызғар төгіп:  
«Ақымақ, кет, шық»,– деді ұрсып-сөгіп.  
Әлдімен арпалысар әлді қайсы,  
Құлады жымдай болып жерге шөгіп.

Өленде әрі қарай көшпелі бұлт Үркердің қаһарынан «жерге шөгіп» қана қоймайды, одан сайын қиындықтарға тап болады:

Жатпады жерде тыныш тағы да аман,  
Суытты Үркер қатты онан жаман.  
Көк долы сатыр-сұтыр боран соғып,  
Сары аяз быт-шыт қылды тарам-тарам.

Әр жерде әр қайсысын бір жел қуып,  
Көз жасы көлдей болып бетін жуып.  
Қыс алты ай, жаз алты ай деп айтушы еді,  
Тұтас қыс болып кетті жазы суып.

Ә.Бөкейхановтың «Төртінші дума һәм казак» /«Қазақ», 1913, №19/ деген мақаласындағы «Өткен 11-нші июньде думада переселен управлениесінің шығынын қарады. ...Волков сөйледі: «...Қазақтың жерден қысылған белгісі міне: казак өзі бөтен жаққа переселен болып көше бастады...» деген мәліметтер «Әр жерде әр қайсысын бір жел қуып» деген акын сөзін растай түседі. Ә.Бөкейхановтың осы мақаласындағы «...1908-нші жылдағы граф Пален Түркістандағы істерді тексергенде жазған еді: «қазаққа артық жер деп қалдырғаны тастак, татыр ащы, сортаң жер, осы зорлыққа көніп, мінез шығармай тыныш отырғаны қазақтың момындығы дүнияда жоқ» деп. Осы сөз сенатор граф Пален сөзі...» деген Баку депутаты Жағфаровтың сөйлеген сөзінен берілген үзіндіден IV Думаға дейінгі, яғни, 1908 жылдардағы қазақтардың көнбістігі аңғарылып жатса, ал 1912 жылдардан кейін сол переселендердің қазақтың момындығын басынғаны соншалық тіпті оларды өз жерінен қуып жатқанындығын жоғарыдағы Волковтың сөзінен байқаймыз.

Жалпы, жер мәселесі жөнінде Төртінші Думада қаралған жобалар мен бекітілген заңдар қазақтардың көңілінен шықпады. Төзімі таусылған жергілікті халықтардың үкімет органдарының жүгенсіз озбырлығына қарсылық көрсете бастағаны тарихтан да мәлім. Тіпті, архив деректерінде орыс қоныс аударушыларына қарсылық көрсеткендері үшін сотқа тартылған тізімдердің ішінде ер адамдармен бірге әйелдердің болғандығын растайтын айғақтар да кездеседі. Бұларды, әрине, тарихшылар арнайы зерттей жатар, бізге керегі сол дүмпулерден кейін қазақ даласында «Көк долы сатыр-сұтыр боран соғылғаны», көшпелі қазақты «тарам-тарам быт-шыт қылған сары аяздың» бейнесі. Патша үкіметінің жер саясатына қарсы шықты деп ұғынған орыс отаршылдары, әсіресе, қоныс аударушылар органдарының «көз жасы көлдей болған» сорлы қазақтарға түсінікпен қарамайтыны бесенеден белгілі.

Қысқасы, «жазы суып, тұтас қыс болып кеткен» ел тағдыры Сұлтанмахмұтты бей-жай қалдырмады. Ақынның «кешегі түсін» осылай жорыдық.

*(жалғасы бар)*

Сақыпжамал Әлімтаева, Фариза Адылбекөва  
Қазақ филологиясы және әлем тілдері  
факультетінің 4-курс студенттері

«Қашан, қайың, жетеді жаз?»

Мағжан Жұмабаев – ұлт жанашыры, алаш қайраткері. С.Мұқановтың сөзімен айтқанда, ол – акынның ақыны. Расында да Мағжан Жұмабаевтың өзіндік бітім-болмысы, таланты мен табиғаты басқа акындардан бөлек. Оның махаббаттың нәзік күйін шертер сыршылдығы мен табиғатты өрнектейтін суретшілігі, болашағы бұлдыр қарапайым қазағының оянуына, сілкінуіне түрткі болған ұлттық рухтағы өлеңдері акындық өнерін аскактататыны белгілі.

Әсіресе, Мағжанның табиғатты суреттеудегі ұтқырлығы ерекше назар аудартады. Онда да бізді қоршаған орта, тау, дала, орман-тоғай, қайталанып келетін төрт мезгіл көріністерінен бөлек, ел, заман бейесін алуан түрлі табиғи құбылыстармен ұштастыра отырып суреттеуі. Акынның осындай күрделі туындыларының қатарына «Толқын», «Қайың», «Қысқы жолда», «Жазғы жолда», «Сен», «Жел», т.б. өлеңдерін жатқызамыз.

С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) деген зерттеу еңбегінде «Мағжан кенес тұсына дейін жазған өлеңінде не айтатыны ашық көрінетін еді. Октябрьден кейін ол «Қайың», «Толқын», «Жел», «Сен» деген сияқты жұмбақтармен өзінің іштегі жарасын сыртқа шығарып жүрді. Кейбіреулер бұлар таза табиғатты суреттеген өлеңдер, онда түк те саясат жоқ дер. Рас табынан адасқан адамда, қоғам тұрмысынан қол сілтеп шығып, табиғат көркемдігіне бас иіп, соған сәжде қылатын акындар болады. Мағжанда да осындай өлеңдер бар, көбінесе, табиғатты суреттеген өлеңдерінің ішіне ретін келтіріп, астарлап большевиктің өзі ұнатпайтын бір мінезін енгізіп отырады. Большевиктің қолынан өлген «алашын» Мағжан қалай тірілтуді ойлайды. Олай салыстырады, былай салыстырады, ешбірінің реті келмейді» деп аса көрегендік танытады. Өлеңдерін талдауда әр сөзінің астарына зер сала үңіліп зерттеген С.Мұқанов Мағжанның негізгі айтпақ ойын елден бұрын сезген.

Мағжан Жұмабаевтың «Толқын» өлеңіне назар аударсақ,

Толқыннан толқын туады,  
Толқынды толқын қуады,  
Толқынмен толқын жарысад,  
Күніреніп кенеспен,  
Бітпейтін бір егеспен,  
Жарысып жарға барысад,–

деп өзі көрген замана келбетін табиғат көрінісі арқылы суреттейтін тәрізді. Акынның «Шығармалар» жинағының /1995/ «Түсініктерінде» осы өлең туралы «Толқын» – акын репрессияға ұшырарда кінә етіп тағылған өлеңдердің бірі көрінеді. «Толқыннан толқын туады, толқынды толқын қуады, толқынмен толқын жарысад» деген қуатты өлең жолдарының астарында қоғамға қарсылық бар деген айып тағылған» (244-б.) делінген.

Сондай-ақ акынның «Толқын» өлеңі туралы З.Әкімжанов «Қазақ жырының пайғамбары» деген мақаласында «Оның көптеген жырларын замандастары дұрыс аңғармай, яки астарын, ішкі серпінін сезіне алмай, бұрынғы қарапайым қалыптан асып кеткен жаңашылдық үрдісін ұға алмай... соның салдарынан «Толқын» өлеңінің тонын айналдырып :

Иваннан Иван туады,  
Иванды иван қуады.  
Екі Иван төбелесіп,  
Бір Иван құлады» –

деген саяси пародиямен Мағжанды ұрып жығады. Сонда өңі теріс бұрмаланған өлеңнің астары «Мағжан толқынды емес, орысты мазак қылып жазып отыр. Міне, бұл өлеңде осындай астар бар» деген пасық пиғылды бықсытып, отқа май құяды» деген пікір білдіреді.



Бұл арада акын тек табиғаттын өзін ғана жырға қосса, онда әңгіме бөлек. Қалай болғанда да акын өлеңінен саяси астар іздеушілер – Мағжанның көзін көріп, ісіне куә болған замандастары. Сондықтан олардың сөздерін де мүлдем жоққа шығаруға болмайды. Өйткені замандастары акынның нақты не нәрсені мезгеп тұрғанын деп басып айтпаса да, әйтеуір өлең астарында жасырын сыр жатқанын сезеді. Біз де осы өлеңнің астарында не жатқанын білуге тырысып көрейік. Мағжанның осы өлең жолдарын оқығанда алдымен уақыт өлшемін, өмір ағысын көсеткен ұлы Абайдың:

Алдыңғы толқын ағалар,  
Кейінгі толқын інілер,  
Кезекпенен өлінер  
Баяғыдай көрінер, –

деген сөздері ойға оралады. Мағжан да өтпелі екі толқынның қимыл әрекетін сөз етеді. Өлең сырына байыппен қарасақ, жарысқан толқындар әдебиеттегі екіге жарылған топтар, яғни, алашшыл және төңкерісшіл болып бөлінген акын-жазушылар сияқты. Бастапқы уақытта ұлт мүддесі үшін бірдей көзқарастағы қазақ зиялылары заман өзгеруіне қарай іштей бөлініп, сөйтіп, «толқыннан толқын туылады». Олар туралы жазылған ғылыми еңбектер мен тарихи деректерге сүйенсек, әдебиет мәселесінде олардың «бітпейтін бір егеспен» өзара айтысып-тартысканы тағы да белгілі. Айналып келгенде жарысқан екі «толқынның» барар «жары» да, құяр сағасы да бір. Яғни, «жары» – халықтың мұн-мұқтажын, мүддесін көздейтін қазақ әдебиетінің өзекті мәселесі. Ал «жарына бал беріп тұрса да өлетін» толқыны алашшыл акын-жазушылар еді. Сол кездегі кеңестік қоғам алашшыл акын-жазушылардың ашық айтып, еркін жазуына мүмкіндік бермеген соң Мағжан оларды «өледі толқын, тынады» демей не десін. Мұны түсінген С.Мұқанов «...өлген «алашын» Мағжан қалай тірілтуді ойлайды» деп көрегендікпен дәл айтқан екен. Жалпы, Мағжан Жұмабаевтың ұлылығын сезіп, өлеңінің мәнісін дұрыс ұғынған әрі «байшыл-ұлтшыл» деп қаралай отырып ақтаған Сәбит Мұқанов та ұлы тұлға.

Өлеңнің он бойынан байқайтынымыз, бір-бірімен сылық-сылық күліп сырласқан, сырын ашқан, бірде арпалыса жарысқан, буырқанған алып үлкен толқындармен жанталаса қалыспай бара жатқан кішкене толқындарды көз алдына әкеледі. Төңкерісшіл қауымның білімі мен шығармашылық таланттары ол уақытта алашшыл акын-жазушыларға жетпейтіні бесенеден белгілі. Бірақ та акын кішкене «толқындардың» алып «толқындардан» қалыспай шыңдалып жатқанын да, олардың бір-біріне сыр ашып сырласатынын да жасырмайды. Алайда олардың бірігуіне, ортақ байланысуына кедергі болатындай арасында үлкен қорған барын ешкім де жоққа шығара алмайды. Мағжан өлеңінің сырын біз осылай түсіндік.

«Қайың» өлеңі де акынның ішінде тынған қайғы-мұңынан сыр шерткендей. Отаршылдықтың зардабы өтіп, ауыртпашылықтан бас ала алмаған ел-жұртының бейнесін «үскірік аязда ызғарлы жел сокқысынан дірілдеген, сыбырласып күбірлеген, еңкейген қайғылы қайыңға» балап тұрғандай. Осы өлеңі арқылы Мағжан ұлт тағдырын бедерлегені сөзсіз. Олай деуіміздің басты себебі мұнда акын:

Қашан, қайың,  
Жетеді жаз? –

деп қайың арқылы өз арманын білдіргісі келеді. Яғни, «Қашан, қазақ, жетеді тәуелсіздік?» дегісі келеді. Жалпы, қай алашшыл акын болмасын олардың тұспалды өлеңдерінде кездесетін «жаз» сөзінің ұғымы – ел бостандығы мен бақыты. Өйткені тамыры тереңге тартылған ерікті ұлт болу барлық алашшыл акындардың ізгі арманы еді.

Үскірік аяздағы ызғарлы жел, долы боран бейнелері акынның «Қысқы жолда» өлеңінде де кеңінен орын алады.

Ызғарлы жел долданып,  
Екі иінінен дем алып,  
Ішін тартып оскырып,  
Кейде қатты ысқырып...–

дей келіп, әрі қарай ызғарлы жел біресе андай ұлып, біресе екі санын шапактап сақ-сақ күледі. Кейде кенет баяулап, аузы-басы жыбырлап, жер жамылған қарды құшып «Әпсүн» оқығандай улейді. Өлең соңында акын:

Сар далада адасып,  
Суық кебін жамылып  
Каларын кім біледі?–

деп лирикалық кейіпкер тағдырын жұмбақ күйінде қалдырады. Бұл құбылысты «Жылқышы» өлеңінен де аңғарамыз. Екі өлеңде де акын отаршылдықты долы боранға балағандай. Яғни, дүлей боран лирикалық кейіпкерлердің зәре-құтын, ақыл-есін қалай шырмаса, отаршылдықтың құрығы да халықты солай езгілейді. «Жылқышы» өлеңінде акын боран сияқты сұрапыл күндер қашанға дейін созылар екен, түбі не болар екен деген ойға батқандай.

Алас ұрып, ісініп,  
Есі кетіп жығылып,  
Есіл ер үсіп өліп пе?–

дегенде де аты-жөні сұраусыз, сүйегі көмусіз қалған қаншама адамдарды еске алғандай. Ол кезде бұратана халық деп қазақ халқын мүлдем көзге ілмей, атып өлтіріп кетсе де заңды сұрауы болмағаны белгілі. Соны көріп отырған акын қатты ашынады:

Басында өлсе сайғак жоқ,  
Өліміне айғақ жоқ,  
Жылқышы күйі не күйде?

Осылайша өлең жолдары «бейшара халқымның болашағы не болмақ, бұл боран қашанға дейін жалғасады, айығатын күн бар ма? Әйтеуір түбі қайырлы болса екен» деген оймен аяқталып, болашақтан үміт күткен акын мұны жаңғырғандай.

«Қысқы жолда» өлеңінің «Жазғы жолда» өлеңімен де ұқсастығы бар. Яғни, екі өлеңде де жалғыз жолаушы табиғатпен алысып, өлімге қарсы тұрып арпалысқандай. Табиғат құбылыстарын суреттейтін акынның «Жазғы жолда» өлеңі туралы С.Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген зерттеу еңбегінде «Дала» деп береді. Онда бұл өлең туралы «Бұл өлеңді жаяу жүргенде, кен даланы көріп жаза салған деуге бола ма? Әрине, әдебиеттен аз санлауы бар адам дей алмайды. Неге жапан түзде, жолдассыз жаяу қалдым деп отыр дейсіздер? Әрине, саяси жолынан жазып қалғандықтан жазып отыр» деген пікір білдіреді.

«Жазғы жолда» шынымен де философиялық мәні жоғары өлең еді. Неге ол жалғыз, жаяу келеді? Негізінен бұл шығармада акын өз қоғамына деген көңілі толмаушылығын астарлы түрде жеткізгісі келеді. Рас, мұнда акын жалғыз қалады. Себебі акынның үніне үн қосар жан жоқ. «Созылып ұйықтап жатар белі» – оянбаған елі. Оянса да қозғалуға шамасы жоқ.

Дала – өлік. Жок бір үн.  
Жер де жатыр тұншығып...

Осылайша, акын өлік тәрізді даласының, яғни, қамсыз жатқан ел-жұртының оянуына ниеті жоқтығын көріп қиналады.

Айнала – өлім, ешбір үн...  
Жапан түзде жалғызбын.  
Перісі неге келмейді?...  
Денесі аппак, жалаңаш,



Көкпеңбек көз, сары шаш  
Сак-сак неге күлмейді?

Ақын «көкпеңбек көз, сары шаштының» сақылдап күлгенін қалап тұр ма? Жок, керісінше, кеудесінде оған деген ашу мен ыза, кек қайнайды.

Аңсап есім жия алмай,  
Көзімнің жасын тия алмай,  
Өлсем екен тұншығып!–

дей отырып, ақын тұншығып өлуді де қаламайды. Көзіндегі жасының тиылмаған күйінде, тәуелсіздікті ансаған күйінде өлуді де қаламайды. Ақын бір әрекет күтеді, армандайды. Қимылдағысы келеді, бірақ қол-аяғы бұғауда қалған сияқты болады. Айқайына оянған, аттанына ерген жан болмайды. Міне, ақын сондықтан жаяу, жалғыз қалады. Сары далада, яғни, ел ішінде жүріп жалғыз қалғаны – өзі өмір сүрген қоғамға бойұсынбай жалғыз қалғаны.

Ақынның көзі тірісінде осы «Қысқы жолда», «Жазғы жолда» өлеңдеріне талдау жасаған Жүсіпбек Аймауытовтың сөзіне зер салсақ, «Мағжанның ақындығы туралы» мақаласында «...қазақ қашан ел болар, қатарға кірер, табиғаттың апатына шыдай алмай, жапан түзде суық кебін жамылып қала ма? Әлде мәдениетті елдің аузына түсіп жұтылып кетер ме? Мәлім емес, қазақтың келешегі қаранғы. Мынау ауыр халді көріп ақынның көңіліне шер, көзіне жас келеді. Мұндай сорлы жұрттың ішінде туып, бұл күйікті көргеннен өлгенін артық көреді. Міне, ақынның жанындағы трагедия» деп шығарманың сырына жіті үңілгенін аңғарамыз. Сондай-ақ табиғатты жырлаған туындыларының бірі «Толкындап ойнап» өлеңінің соңғы шумағын келтіргенде де «Аспан кара көк дариядай баяғы қалпында, жұлдыздан әлі хабар жоқ» дегені – қазақ елі баяғы қалпында, мәдениет жұлдызы, ел болу нышаны әлі сезілмейді дегені» деп ой түйеді Жүсіпбек Аймауытов. Демек, табиғат күйін шерткен өлеңдерінен де замана келбетін суреттеген ақынның жан айқайы естіледі.

Түйіп айтқанда, азаттықты аңсаған Мағжан Жұмабаев өлеңдері зерттелген сайын зерттеуді қажет ететін, сырына үңілген сайын тұңғыық болып көрінетін жұмбақ әлем. Өйткені ақын поэзиясы қаншалықты зерттеліп жатса да, «мен мұңдалап» тұрған құпия сырларын аша түсуге деген құштарлық жыл өткен сайын арта түседі.

Гүлзат Дәуітәлі  
Қазақ филологиясы және әлем тілдері  
факультетінің 4-курс студенті



Дала тарихында өзінің ерлігі мен ақыл-парасатының арқасында ел бірлігін сақтай білген ару қыздарымыздың даналық істерін бүгінгі күнге жеткізу, әрине, тарих еншісіндегі мәселе екендігі белгілі. Кейде қазақ қыздарына таусылмас қажыр-қайрат, ерік-жігер мен данагөйлктің қайдан келгеніне таң қаласың да, сондай сәтте тарих беттерін ақтарасың. Екінде осыныама ерлік пен даналықтың сонау ерте кезеңнің өзінен-ақ қалыптасқан ұлы мектептің барына көз жеткізесің.

«Ұлы даланың ұлы қыздары» энциклопедиясында /2007/ Ана тәңірлерге: Ұмай, Табити, Анахита, Сиванму, Ай-қаған, Йимақ; скиф-сақ дәуірінің әйелдеріне: Томирис, Амазонкалар, Зарина; көне түркі кезеңдерінің әйелдеріне: Эши, Боарикс, Акаса, Катун (Хатун), Елбілге-Катун, Себек-Катун, Күңі-Тіріз, Тай-Хэ; түркі-

мұсылман кезеңінің әйелдеріне: Дүдгониа, Хұтақ-Катун, Оғыз-Катұны, Айша Бибі, Гүлайым, Чжень, Төребек-Ханым, Теркен-Хатун, Хаджжаджи есімді тұлғаларды жатқызып, оларды жеке-жеке қарастырған.

Қолжазба журналымыздың /2012/ өткен санында Ана тәңірлердің ішінен Ұмай ана, сақ дәуірінің әйелдерінен Томирис, Зарина жайында сөз еткен болсақ, дала тарихындағы көне түркі кезеңінің әйелдерінің ішінен Елбілге-Катун, Себек-катун, түркі-мұсылман кезеңінің әйелдерінен Айша Бибі туралы журналымыздың осы санына ұсынбақпыз.

Ел басқарған ұлы хандар мен батырлардың жұбайы болып, ел ынтымағына өзіндік септігін тигізген аналарымыздың тарихи тұлғасы бүгінгі ұрпаққа да үлгі-өнеге.

### Көне түркі кезеңдерінің әйелдері

**ЕЛБІЛГЕ-КАТУН.** Шығыс түркі қағанатының (682-744ж.ж.) бірінші қағаны және негізін салушы Елтеріс қағанның /Қытайша Гудулу 682-691 жж./ үлкен әйелі-бәйбішесі Елбілге-катун атанған. Елбілге-катун ашидэ тайпасынан шыққан. Күлтегін құрметіне қойылған ескерткіштегі жазбалар бойынша Елбілге-катун түркі елін қалыптастыруға өз үлесін қосқан, сондай-ақ ол қаған ретінде таққа отырған. «Тенрі және ыдук Йер-Суб былай дейді: «Түркі өлмесін, (нағыз) халық болсын!» тәңірі менің әкем Елтерісті көтеріп, қағандар санатына қосты».

Білге қағанның өзі таққа отырғаннан кейін өкілеттіліктің өзінің әкесі-қаған мен шешесі-катуннан көшкендігін баса айтады. Тақтық Елбілге-катун лауазымдық аты ежелгі ұйғырларға да белгілі болған, ол Ұйғыр қағанатының белгілі қағаны Элитмиш Білге-қағанның (745-840 жж.) Терхиндік жазбасында аталған.

Жазуда былай делінеді: «Мен, Көктен жаратылған Елбілге-катунмен өзімізге қаған және катун лауазымдарын алдық». Көне түркі жазбаларындағы сияқты Ұйғыр жазбаларында да тақтық катун аты Елбілге/Ильбилге катун түрінде «елді білуші», «елді билеуші» мағынасында қолданылады. Бұл жазбаларда катун түркі елін ұйымдастыруға тікелей қатысушы ретінде көрінеді. Түркі патшайымы катун мемлекеттегі орны мен маңызына қарай жоғарғы қағанмен бірдей дәрежеде болған екен.

**СЕБЕК-КАТУН.** Екінші Шығыс түркі қағанатын (682-744 ж.ж.) билеуші ашина-ашидэ некелік одағының тарихи дерекнамасы ретінде ашина тайпасынан шыққан Білге қағанның және ашидэ тайпасынан шыққан Себек-катун билеуші жұбын атауға болады. Қытай деректеріне сәйкес Себек Білге қағанның бәйбішесі-катуны болған. Қытай жылнамаларының шежіресі бойынша екінші түркі қағаны



Қапаған-қаған қайтыс болғаннан кейін шығыс түркілер мемлекетінде әулетішілік қарама-қайшылықтар туып, түркі тайпаларының бір бөлігі Таң шекарасына қарай көшеді және де бұл жағдай ашидә тайпасынан шыққан атақты айгуши-кеңесші Тоныкөк қудалауына әкеп соғады. Бірақ Себек-катун Тоныкөктің қызы еді.

Білге-қаған қайтыс болғаннан кейін, Себек-катунның саяси ықпалы күшейе түседі. 744 ж. Екінші шығыс түркі қағанатын көшпенді ұйғыр тайпалары жаулап алды, олардың басында яглакар руынан шыққан ұйғыр қағаны тұрды. Ұйғыр қағанатының негізін салушы Құтлұғ Білге-күл-қаған

түркінің Баймазай-қағанын өлтіріп, өзіне «әйелдікке Гудулулық ханша Пафуды алған». Шығыс түркілік катунды тұтқындау жаулап алынған тайпаларға үстемдік жүргізумен бірдей еді. Тань императоры «ханшаға Бинь-го Фу-жень құрметті атағын беріп, оған жыл сайын 200 мың ақ бидай дәнін жіберіп тұруға» бұйрық етеді. Император берген лауазым түркілік Себек-катунның билеуші әулеттік әйелдік бөлігі иерархиясында жоғары деңгейде тұрғандығын білдіреді. Түркі катунына деген мұндай құрмет көшпелі түркі тайпалары жоғары орында тұрғандығын дәлелдейді.

### *Түркі-ислам кезеңінің әйелі*

**АЙША БИБІ.** Айша бибінің кім екені жөнінде ел арасындағы бізге жеткен аңыз желісінен басқа тарихи деректер жоқтың қасы. Ал аңыздардың бірінде осы анамыз туралы «төрт түліктің бірі сиыр малының атасы – Зеңгі бабаның қызы еді» деп берілсе, енді бір аңыздарда ол Айғожаның қызы еді дейді. Айша бибі — шамамен 11-12 ғасырларда өмір сүрген ару қыз... Ол жайында аңыз сюжетіне назар аударайық.

Бір күні Айша Қараханмен кездесіп, оған ғашық болады. Бірақ сыртқы жаулармен жүргізілген соғыс Қараханның өз сүйіктісінен көз жазып калуына себепші болады. Ұзақ жылдар Айшаның сүйіктісінен хабар болмайды. Айша Бибі әкесінен сүйгенімен кездесуге жіберуге үш рет рұқсат сұрағанымен, әкесі тиым салады. Сонда Айша жүйрік атқа мініп, өзінің қырық қыз құрбысымен Қарахан еліне аттанады. Бірақ Айша бибі сүйгенімен кездесе алмай қалады. Өйткені Талас суына шомылғанда оны жылан шағып өлтіреді. Айша бибінің қырық құрбысы Қараханға арудың өлімі туралы қаралы хабар жеткізеді.

Тараз қаласына жақын жерде (бұрынғы Михайловка селосы) Айша Бибі кесенесі орналасқан. Сырты керамикалық плиталармен қаланып, ойып жасалған өрнектің сән-салтанаты мен сан түрлілігі жағынан Қазақстандағы басқа мемориалдық-дәстүрлік ескерткіштер ішінде оған тең келетіні жоқ. Ескерткішті қалаған кірпіштердің әр түрлілігінің өзі таң қалдырады. Оның алғашқы қалпы біздің уақытымызға дейін тек батыс қабырғасында сақталған. Мұсылман сәулет өнерінің тамаша үлгілері бойынша салынған бұл керемет кесене қазірде қазақ елінің жана отау тіккен жастарының бас иіп, тәуба ететін киелі жеріне айналды.

*Редакция алқасы*

### Қыздар университетімен құрдас ақын



*Ақұштап Бақтыгереева* 1944 жылы Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Ақжайық ауылында дүниеге келген. 1966 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. 1966-1971 жж. Орал облыстық «Орал өңірі», Талдықорған облыстық «Октябрь туы», республикалық «Қазақ әдебиеті» газеттерінде әдеби қызметкер, 1971-1972 жж. «Қазақфильм» киностудиясында редактор, 1972-1975 жж. «Жұлдыз» журналында әдеби қызметкер, 1975-1981 жж. «Жазушы» баспасының аударма редакциясында редактор болып қызмет атқарған. Қазір Қазақстан Жазушылар Одағының Батыс Қазақстан облысындағы филиалының төрайымы.

Шығармалары: «Өрімтал» (1967), «Наз» (1969), «Қуанышым, іңкәрім» (1971), «Сені ойлаймын» (1973), «Аққанат» (1975), «Бақыт әні» (1978), «Жайық қызы» (таңдамалысы 1980), «Белокрылая» (1981), «Ақжелең» (1985), «Сүмбіле» (1990), т.б.

Қыздар университетімен бірдей дүниеге келген ақын апамыз Ақұштап Бақтыгереева – біздің ғана емес, бүкіл қазақ елінің мақтанышына айналған ардақты ақын, қоғам қайраткері.

Ақын лирикаларынан қыз табиғатына тән нәзіктік те, өзгеден бөлек отты рухқа бөленген қайсарлық та аңғарылып жатады. Тіпті, боямасыз өмір, тартысты тағдырды суреттеуде ақынның өзіне біткен өжет мінезі де танылып жатқандай.

*Жұлқыса жел есіріп,  
Майысқанмен сынбадың.  
Сыр айтпадың шешіліп,  
Неше келіп тыңдадым.  
Қысты жеңіп, шуаққа  
Жайраңдаған кезіңде,  
Бойыңдағы қуатқа  
Қайран қалам өзім де...*

Осылайша тал-шыбықпен мұндасқан ақын қызбен талай жас жеткіншектер өлеңін оқып сырласқан еді...

Жыр сүйер қауымның жүрегін жаулаған ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы 1967 жылы жарық көрді. «Өрімтал» атты өлеңінің атауымен берілген осы кітапта әлі суып үлгірмеген студенттік шақтың жарқын елестері тұнып тұрғандай. Мәселен, «Бір кезде мен аңқау баламын, Өкшелі туфли кимеген» деп жырлаған ақынның:

*Маған жат сауық кеш, би деген,  
Серуенге көңіл де бөлмеп ем.  
Шашымды реттеп түймегем,  
Бұрымды сәнімен өрмеп ем... –*

деген өлең шумақтары оның ойын-күлгіге құмар емес, сәнденіп серуенге шығуға да аса көңіл бөлмеген жас студенттік кезеңіндегі бейнесінен хабардар етеді.



Ақұштап акын туған елге деген сүйіспеншілік, ана тілі тағдыры сияқты түрлі мәселелерді тақырыпқа өзек еткенде ең алдымен өмірдің тек шындығын жырлауды өзіне парыз санайды. Тілінің көркемдік жағымен де қазақ поэзиясына жаңа өрнек салған Бактыгерееваның азаматтық үні «Трибун-ақын», «Ақ Жайықтың көз жасы», «Елдің елдігі – бірлігі», «Оралдағы ойран» сияқты өлеңдерінен де айқын көрініп жатады.

Ақын апамыздың шығармаларын оқығанда, әсіресе, қыздарға ненің қажет екендігін ұғындыратын өсиет өлеңдері еріксіз өзіне баурап алады.

*Осал да болма, ойыңнан оңай адасқан,  
Өжет те болма, орынсыз сөзге таласқан.  
Алдымен қызға керегі пәктік, адалдық,  
Одан соң, жаным, жаз мінез керек жарасқан.*

*Айтарым тағы, берік бол, сертке бір сөйле,  
Сабырлы таудың мінезі керек күлсең де.  
Қыз мінез деген – сұлулық сыры өмірдің,  
Жұмбақтай қиын жатқандай болсын бір сенде.*

*Десек те біздер «жастықтың сырын аз ұқтық»,  
Өмірдің жолы болмайды тегіс жазықтық.  
Ісіңнен кейін есіңе сақта, жарқыным,  
Жеңілмес мықты қаруың сенің – нәзіктік.*

*Қайғының жүгі жаныштап сені жатса да,  
Досыңды «тағдыр талқысы сол» деп тастама.  
Дұшпаның саған ойласа алуан қастандық,  
Қалай да өзің жақсылық ойла басқаға.*

*Қадірлер сонда қалтқысыз танып асыл ер,  
Өзгелер сені «адамның бірі – осы» дер.  
Арыңа тиіп, жолыңды кескен тентектер  
Алдыңа келіп өздері кейін бас иер, –*

деп жырлаған акын тек ақылын айтып қана қоймайды, қазақ қыздарының осындай тұлғада қалыптасуын қалайды.

Ақұштап апамыздың «Болашақ бойжеткендермен сырласу» өлеңіндегі:

*Іштеріңнен шығады жаңа дарын,  
Бізден биік болады саналарың.  
Бізден бөлек болады гасырың да,  
Бізден бөлек болады модаларың...–*

деген жыр жолдары құдды біздерге арналғандай, яғни, артынан еріп келе жатқан сіңілдеріне берген батасы іспеттес көрінеді.

Қазақ қыздарына өрелі ой айтып, өрісті мақсатқа жетелеген акын апамызды біз әрқашан мақтан тұтамыз.

*Дара талантты айтыс ақыны*



*Әсия Беркенова Әйіпқызы Қостанай облысы, Әуликөл ауданы Сұлукөл аулында 1950 жылы дүниеге келген. 1972 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. 1972-97 жж. Наурызым, Әуликөл аудандарында мұғалім болып қызмет атқарған. 1997-2000 жж. Қостанай қаласындағы Мемлекеттік тілді жеделдете үйрету орталығында, 2000 жылдан А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде қызмет жасап келеді.*

*Кенен Әзірбаевтың 100 жылдығына арналған республикалық айтыстың бірінші орын жеңімпазы, Абылай ханның 280 жылдығы, әнші Мұхиттың 150 жылдығы, Қажымұқан налуанның 120 жылдығы, Шакшақұлы Жәнібек батырдың 300 жылдығына арналған айтыстарда дара талантымен танылған, «Жарасым» атты қыз-жігіттер айтысында Сара атындағы жүлденін иегері атанған және Монғолия, Қытай, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Ресей және Қазақстан ақындарының арасында өткен халықаралық айтыстың жүлдегері Әсия Беркеновадан сұхбат алған едік.*

*– Сіздің танымал ақын екеніңізді білеміз. Осы ақындық және өнер жолына түсуіңізге не себеп болды? Осы жайлы азырақ сыр шертсеңіз.*

*– Ақындыққа бейімділігім оқушы кезімнен басталды: қабырға газетінің редакторы болдым, әдебиеттен шығармаларға өлеңмен ой-түйіндерін, теңеулер жазатынмын. Мемлекеттік емтихандағы (қазақ әдебиеті) шығарманы да өлеңмен жаздым. Мектепте Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» шығармасы бойынша спектакль қойып, сонда Шұғаны ойнайтынмын. Сенің өнерінді ауыл болып көреді, қолпаштайды, мақтайды. Осының бәрі де баланы қанаттандырып, бойындағы ұшқынды үрлей береді екен ғой.*

*– Студент кезіңіздегі өлеңіңізге негізгі арқау болған тақырыптар қандай еді? Және де қазіргі таңда өз шығармашылығыңызды қандай тақырыптармен толықтарып жатырсыз?*

*– Студент кезімде өлең жазуды қойып кеткенмін. Достар арасындағы экспромт әзілдер болмаса, күрделі өлеңдер жазбадым. Қазіргі кезде шығармаларым көңіл-күй лирикасы, элеуметтік-қоғамдық тақырыптарға арналған.*

*– Қандай кездерде өлең жазасыз? Ақындық шабытыңызға қандай жағдайлар себеп болады?*

*Өлеңді өзімді ойландырып жүрген жайларға селт етізген сәттерде жазамын.*

*– Осы күнге дейінгі жеткен жетістіктеріңіз туралы айтып берсеңіз.*

*Өткен ғасырдың 80-жылдардан бері жүзден аса айтысқа қатыстым. ҚР халық ақыны, Оқу-ағарту ісінің үздігі, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, А. Байтұрсынов медалінің иегері т.б.*

*– Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 1972 жылғы түлегі екенсіз. Осы орайда бізге қызықты болып отырғаны сол сіздің кезіңіздегі студенттердің өмірі, көзқарасы қандай еді?*

*– Жалпы, біз отаншыл, ұятты, сөзі мен ісі ажырамайтын ұрпақпыз. Еңбектен қашпайтын, терең білім алуды басты міндет және оқу бітірген соң елге барып қызмет жасауды борыш деп санадық.*

*– «Мені өнерге жақын еткен де, ақын еткен де ұстаздарым» деп бір кезде сұхбат берген екенсіз. Осыған кеңірек тоқтала кетсеңіз.*

*– Мектепте Сағындық Досмағамбетов атты домбырадан ұстазым болды. Ал, ән айтуды өте ерте, 5-6 жасымнан бастадым, Мектепте драма үйірмесіне де қатыстым. Әлі күнге дейін Қаратай Сәрсенбаев, Сағындық Досмағамбетов, Күләш Құрманова, Күләш Маметанова сияқты арамызда аман-есен жүріп жатқан ағай-апайларыма мейрам сайын*



хабарласып, құттықтаймын, жағдайларын біліп қоямын. Өзіміз біраз жасқа келсек те қарт ұстаздарым баладай айналып-толғанып, риясыз көңілден ризашылықтарын білдіріп жатады. Мен айтысқа барып жүргенімде «баласы атқа шапса, анасы үйде тақымын қысады» дегендей, бір тілеулестерім де осы ұстаздарым болды деп білемін. Олардың менен күткен үміті көп еді. Мен өмірде айтыс ақыны болмасам да, бәрібір тұлға боларым анық еді. Өйткені, бала кезден өте белсенді және азаматтық ұстанымдарым айқын болды. Айтыс соны жұртқа жария етті.

*– Айтыста қоғамдағы түрлі көкейтесті мәселелерді тілге тиек етіп айтып келдіңіздер. Соған байланысты қоғамда өзгерістер болды ма?*

– Біз айтысқа арқау еткен мәселелердің қазір қоғамда орнын тауып, жөнге келгендері бар. Мысалы, Наурызды алайық. Қазір бұл елімізді қойып, халықаралық мерекеге айналды. Салт-дәстүрлеріміз де жанданып, әспеттеліп отыр. Жоғарыға жалтақтаған, «аға халыққа», еліктеген кенестік дәуірде адамдардың санасында қалыптасқан кейбір түсінікке де жана көзқарас қалыптасты. Мысалы, мен сол жылдары «Орыстың қайыны, қысы дейміз, Қазақта қыс боп, қайын өспейтіндей» деп айтып жүрдім. Қазақтың кең байтақ жері дегенде қылтанак өспейтін бетпак даланы елестетер едік. Мұның барлығы да отарлық жымысқы саясаттың ықпалымен қазақтардың шөлді аймақтарға ысырылып кеткендігінен деп ойлаймын. Өйтпесе, қазақ даласының басқа шалғайын былай қойғанда Қостанай өңіріндегі Аманқарағай, Арақарағай, Наурызым ормандарын қайда қоясың? Осындағы қарағай, қайын халқымыздың санасына неге сіңісті болған жоқ дейсіз. Болды ғой. Қазақ сұлу қызын қайынға, қайратты, бойшаң жандарды қарағайға теңеген жоқ па? Ал тіпті, Бибігүл Төлегенова айтатын «Қызқарағай» әніндегі қызқарағай – орыстардың «голубая ель» дейтін шыршаның қысы-жазы көгілдір түсті болып тұратын сұлу түрі. Шынында «қызқарағай» керемет атау емес пе?! Айтыс жақсының бәрін өзінен бұрын өзгеге жамайтын әдетімізден арылуға ықпал етті деп ойлаймын. Рухты көтерді.

*– Институт қабырғасында жүргенде де ақындығыңыздың өдан әрмен дамуына әсер еткен жағдайлар болған шығар. Қазіргі кезде студенттермен тікелей қандай жұмыстар жүргізіп жүрсіз?*

– Студент кезімде өлең жазған жоқпын. Ал концерттерге Галина Қарамолдаева домбырамен ән салуға шығаратын. Ол сол кезде музыка факультетінің студенті еді. Мен 2000 жылдан бері А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде қызмет істеймін. Осында «Өнер» атты студия ашып, талантты жастарды тәрбиелеумен айналысып жүрмін. Студияда хореография, вокал, домбыра және поэзия сыныптары бар. Біраз шәкірттерім «Шабыт» фестивалінің лауреат, дипломанты болды.

*– Жалпы студенттік өмір – ең қызықты кезең деп ойлаймын. Сіздің студенттік өміріңізде қандай есте қалар оқиғалар болды?*

– Есімде қалған қызықты оқиғаның бірі – 2 курстың мамыр айы. Күндіз қалада 3 балдық жерсілкінісі болған. Біз түстен кейін оқитынбыз. Сабақ енді басталған кезде біреу (хатшы қыз болуы мүмкін) «Аудиторияны босатып, тез далаға шығындар. Жобалау институты жер сілкінісі қайталанады деп хабарлады» деді. «Шетел әдебиеті» сабағы еді. Оқытушы Клавдия Ивановна Кочева кесек денелі, келбетті кісі болатын. Жүзге тарта қыздар шуылдап 3-қабаттан оқытушыға қарамастан даладан бір-ақ шықтық. Клавдия Ивановнаның «Ой, девочки, подождите» дегеніне ешкім құлақ аспады. Далада біршама тұрдық, жер сілкінісі қайталанбады. Клавдия Ивановнаның бетіне қарауға ұялып, кешірім сұрап аудиторияға зорға оралдық.

*– Сіздің жолыңызды қуып келе жатқан ақын сіңділеріңізге ардақты ана, құрметті ұстаз, айтыскер ақын ретінде ақыл-кеңесіңізді, пікіріңізді өлең жолдарымен қортындыласаңыз.*

*Студенттік балдәуренді бір кешіп,  
Жас жүректен жүрген сәтте жырды есіп,  
Өнерменен өрге жүзсін қыздарым,  
Ұлагаты ұятымен үндесіп.*

*Ата салтын сақтай білмеу – бұл айып.  
Ұлтымыздың ұлылығын ұғайық.  
Ақын қыздар, ең алдымен адам бол,  
Қазақ қызы деген атқа лайық!*

*– Сізге көп рахмет, шығармашылық табыс, отбасыңызға амандық тілейміз.*

Сұхбат жүргізген: Азиза Айдосова  
Қазақ филологиясы және әлем тілдері  
факультетінің 4-курс студенті

Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай жыл сайын Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде ақынды еске алу кеші ұйымдастырылып келеді. «Мұқағали – мәңгілік жыр» атты студент ақындар арасында өткен биылғы жыр мұшайрасындағы үздік өлеңдерді журналымыздың осы санында ұсынып отырмыз.



**Нұртақ Тұрғанбекұлы**  
*Әл-Фараби атындағы ҚазУУ*  
*2-курс студенті*

### Мұхамметқалидың рухына

Мұхаммедтің үмбеті Қали ақын,  
Тірісінде болмаған жария тым!  
Күндіз оны құшақтап шуақ ару,  
Іңірде ақыл айтатын қария түн.

Тауды сүйдің айтқандай тау ұлымын,  
Дарабозы жыр дейтін дәуірінің!  
Құлаққа ілмей кештің де өте шықтың,  
Өмір дейтін өзениң дауыл үнін.

Таудан қарайтұғының елді- мекен,  
Сол тауларды деген бе ең мен күзетем!  
Таудай болам дедің бе, әлде ақыным,  
Аспанға жақындағың келді ме екен.

Ешкімге де демедің билік етем,  
Алайда ажал бәрінен жүйрік сен.  
Кең дүниеге сия алмай жүруші едің,  
Кеңсайға қалай ғана сыйдың сен.

Өзгерді адам, сен жоқсың, ғасыр аман,  
Жарқ еттің де ғайып боп ЖАСЫН-АДАМ.



Ақ бұлттың бетінде бір шумак жыр,  
Аспанның көк сиясы шашыраған...

Мені де өлең еттің сен жетелеп кеп,  
Ендігі одан ойым жоқ жеке кетпек!  
Аға сенің түлеткен қыран жырын,  
Мүсініңді тау қойған мекен етпек!

### Ей, өлең

Күн келіп батқан кезде ұясына,  
Жүрек дүрсіл қағады жиі ашына...  
Жанарымның моп-мөлдір тамшы жасын.  
Қаламымның қосамын сиясына...

Таусылмасын тек қана өлең дейін,  
Өлең тұрсын, мен мейлі еленбейін!  
Мен жанымның жартысын соған берем,  
Ұзақ ғұмыр кешің деп менен кейін.

Себебі ақын тілекші әр ұлына,  
Әр қызына бөлінген жаны мына...  
Ұзатады халқына бақыт тілеп,  
Өзін қайрап өмірдің шарығына!

Поэзия сен солай жаратылдың,  
Жырып алып ғұмырын бар ақынның!  
Жұлып алып сезімін ақ қағазға,  
Тіліп алып жүрегін таң атырдың.

Асау өмір қаласаң оқыранғын,  
Жазам жырды, мініп аң отырармын!  
Поэзия деген ол – менмін елім,  
Жанарымнан қаласаң оқып алғын!





**Ыкылас Түрсымбекұлы**  
*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*  
*2-курс студенті*

### Ақынға арнау

Жыр...

Сенімен егіз ұғым, білгенге,  
Сенсіз өлең жетім тайдай адасқан.  
Жек көрседе, жиіркеніп мың кеуде,  
Тағы мыңы сені сүйіп таласқан.

Шипа болған ақынға асыл емің,  
Асыл емің өлеңге бас немін.  
Орныққанда мұң-қайғы, өлең жаздың,  
Сондықтан да нарқасқа асылы едің.  
Көк құшқан көркем ару жүрегінің,  
От құшқан өлердегі ғашығы едің.  
Шабыт кеп қас желкеден алған кезде,  
Ағып кеп тау суындай тасып едің.  
Сырынмен қиял өрлеп, ғарыш кезіп,  
Жырынмен талай шынды асып едің.  
Сен сондай асыл едің...

Тар кеудеге сиыспай кеп өлеңің,  
Кеп олеңмен көктемге кенелемін.  
Тұңғыыққа батқанда түрегелмей,  
Сүрінбестен құлап ең, көрегенім.

Тау тағысы, жырыңның сөзі бекім,  
Бұлақ боп шәрбаттайын төгілетін.  
Өреңің жырларыңды оқығанда,  
Өлеңің өрнсктеліп төгілетін.

Көл бетінде аккулар тербелгенде,  
Аккуды атқан арсыздар тергелгенде.  
Төлегендей ағамыз өмір озса,

Бармауға лаж жоқ, ақын жерленгенде.  
Музаны іздеп жаныңнан аласұрып,  
Парақтар аударыпмай сенделгенде.  
Өмірді сұрағанға жауап қатпай,  
Айтқаның өмір мұның көргендерге.  
Емхананы аралап күні бойы,  
Сырақаттарға жырменен ем бергенде.  
Тойғандарға өмірдің мұң зарына,  
Шыда деп, шыдай түс деп дем бергенде.  
Ғашық боп, шын ғашық боп сол адамға,  
Бал іштің талай түсіп сергелденге.  
Күні киген қазақтың кара өлеңін,  
Шекпен жауып өзіне өңгергенде.

Өлеңнің айналайын сыршылынан,  
Қара олеңнің табандап бір қырынан.  
Тұнық кеште бұлдырап кете бардың,  
Қырық бесте қиылып қыршынынан.  
Қиылып қыршынынан...

### Сен өлеңсің өйткені...

Құрсауға сап, күрмегенде кек мені,  
Айтар назым, тірі жанға жетпеді.  
Түйсіндің сен, түсіндің шын сырымды.  
Олар адам, сен өлеңсің өйткені.

Тағдыр түтін шіріткенде окпені,  
Мұң мен нала итергенде шеткері.  
Сол кезде сен табылдың ғой қасымнан,  
Олар адам, сен өлеңсің өйткені.

Табиғаттан таса қылып тек мені,  
Шеттеткенде, кеудеден сен көктедің.  
Мені алдыңда болашаққа беттедің,  
Олар адам, сен өлеңсің өйткені.  
Сен өлеңсің өйткені...



**Қазыбек Сағидолла**  
*Абай атындағы ҚазҰПУ*  
*2-курс студенті*

**Күйі келгесін аз өлеңімнің...**  
(М.Мақатаевтың туған күніне орай)

Күйі келгесін наз өлеңімнің,  
Тұңғыш сезім тасыған атып.  
Қара өлең тұнған казак елімнің,  
Қоныпты бүгін басына бақыт.

Қиынды казак көп күн шеккенде,  
Тулаған толқын, теңіз боп көрдің.  
Өмір есімді өткінші өткелге,  
Поэзияменен егіз боп келдің.

Бағыппен еніп бойына нұрдың,  
Қара өлеңіме шекпен жабасың.  
Өмірге келіп айыра білдің,  
Бұл дүниенің ақ пен қарасын.

Сырбаз сезімді сүйіп ғаламда,  
Құшағына еніп бар әлем наздың.  
Аққулар көлде ұйықтағанда,  
Қауырсын оймен қара өлең жаздың.

Ақындығыңды алқа көремін,  
Жырыммен жазсам жүрек еміңді.  
Арындап алға тарта беремін,  
Жалындап жатқан жыр өлеңіңді.

*Сол сәтте сені іздеймін...*

Жанарым жабырқағанда,  
Сезімім сабыр табарда.  
Адалдық аңсағанымда,  
Болар деп ақ ұлпа карда.

Сол сәтте сені іздеймін!

Қиналып тарыққанымда,  
Жалғаннан жалыққанымда.  
Болмашы бір ғана сәуле,  
Талпынам жарыққа, нұрға.

Сол сәтте сені іздеймін!

Армандап қиялдағанда,  
Ғаламға сия алмағанда.  
Жүрегім неше бір түрлі,  
Түскенде күй арналарға.

Сол сәтте сені іздеймін!

Жадырап шаттанғанымда,  
Арайлы ақ таңдарымда.  
Жүрекке жылу беретін,  
Жүргенде бактар маңында.

Сол сәтте сені іздеймін!

Тасып көп толғанымда да,  
Жасып кеп талғанымда да,  
Ғашық боп қалғанымда да,  
Поэзия!

Сол сәтте сені іздеймін!!!





**Асыл Ерзат**

*Эл-Фараби атындагы ҚазҰУ  
ЖОО дейінгі дайындық кафедрасының  
тыңдаушысы*

**Аспанды қайтқан қаздар әні тербер**  
(Ақиық акын М. Мақатаевқа сағыныш)

Мен сені сағынғанда...  
Атар таң ақ құшағын ашқан күліп,  
Асыққан Алатауға басталды үміт.  
Жырыннан жасыл көктем тіл қататын,  
Жас талдар жапырағынан жас тамдырып.

Мен сені сағынғанда...  
Жаздың жасыл бақытын жасқандырып,  
Сарғаюдын салмағын еске алдырып.  
Мендегі сағыныштың сазды әуенін,  
Ақ қаздар ала кетті аспанға іліп.  
Мен сені сағынғанда...

Аспанды қайтқан қаздар әні тербер,  
Жоқ сурет дәл сол күнгі кезден көркем.  
«Маған да қанаттардың қағысын бер »,  
Қайтейін, ұша алмаймын, табытым- жер.  
Тамшы үзіліп түскен-ді көзден мөлтен  
Сондағы балаң жүрек дір еткен  
Жетерін Алатауға сезген бе ертең?

Мен сені сағынғанда...  
Алып дала қымталған ақша қар ең,  
Ауылға жеткізетін соқпақ әрен.  
Сонардағы аңшының сайранынан,  
Тотыдай түрленетін аппак әлем.

Мен сені сағынғанда...  
Дабыл қағып жететін дала жыры,  
Ерлігі, бабалардың даналығы.  
Пенделердің қуаныш, нала, мұңы,

Бал дәурені, бакыты, бала күні.  
Осынау дүниенің жаралымы,  
Тіпті, маған өлең боп өрілетін,  
Өлім мен өмірдің аралығы.

Мен сені сағынғанда, аяулы акын,  
Корсетер көк тірегін, шың асқарын.  
Қарашы, көк пен жердің ұласқанын.  
Аспанның ар жағынан ақ носердей,  
Соргалап келе жатыр бір асқак үн.  
Мен сені сағынғанда...

### Поэзия, сені іздедім

Поэзия сені іздедім,  
Құмдарда қуратылып қалған бастан.  
Дым тамбастан кезеріп қалғанда аспан,  
Күнәлі топыраққа тамған жастан.

Поэзия сені іздедім,  
Сырнай жел сыңсып айтқан соя бір әннен.  
Беу, дүние, бебеу қакқан домбыраммен.  
Сағымдар көшкенде алға сан мұнармен.

Поэзия сені іздедім,  
Аппак қар қосылғанда аппак нұрмен,  
Әр күннен босағама аттап кірген,  
Сәбилер жүрегі айтқан тәп-тәтті үннен.

Поэзия сені іздедім,  
Сәттерден сағынышым арта білген,  
Көктемнен көркін жайған барша гүлмен,  
Арулар кірпігінен ғауһар ілген.

Поэзия сені іздедім,  
Әлемдегі от пен су, түнек, нұрдан.  
Бар болмыстан жырлары жыр тілеп тұрған.  
Асау ақжал толқыннан жүрекке ұрған.

Поэзия сені іздеймін,  
Жүрегіме тек сәтке мамырла құс,  
Саған самғап барамын, сағым-ғарыш.  
Тартылып таусылғанша қанымда ағыс,  
Іздеймін, поэзия, сені іздеймін.

# Жыр күнделігінен



**Алуа Нұржауова**

*Қазақ филологиясы және  
әлем тілдері факультетінің  
5-курс студенті*

*Жүректен шыққан әр жырым – әрбір  
тамшы жас*

Ауырлап кетті, артылған сенім сезінсем,  
Шаршадым, достым, бойдағы мынау төзімнен.  
Қорқыттың жәйін енді-енді сәл-пәл ұғынып,  
Кездерім болды-ау өмірден мынау безінген.

Амалым құрып, ілесем мен де көшке енді,  
«Бәріне бірдей қожамын» дейді бөскендер.  
Қиялмен ғана армандап келем берместі,  
Қуанам қалай, берсрін кештеу төккенге?

Ілесіп келем берместің еріп артынан,  
Бұйыртқан боп елес, шақырса, қалай тартынам.  
Мейірімсіздердің арбауы екен, сөйтсем ол,  
Жігерін талай жасытқан жастың талпынған.

Жия алмай есті, шағымда жүрген антарып,  
Маңдайдан сыйпар ағалар жолда қаншалық.  
Жетелеп сені толқынға қарсы қайтадан,  
Келеді дейді, өмірің жаңа басталып.

Жауқазын өмір басталмай жатып түнілді,  
Тап солай, достым, жаныма менің үңілгін.  
Жүректен шыққан әр жырым – әрбір тамшы жас,  
Көктеп келеді мұңдары шексіз көңілдің.

*Қайран ұлтым!*

Сезіп жүрмін,  
Сезіп жүрмін бәрін де,  
Қарап тұрсам тым кетіппіз әріге,  
Енді міне, кеш секілді бәрі де.  
Қазақпыз ғой,  
Оған сірә, ешкімнің жоқ таласы.  
Бірақ, бірақ,  
Өз тілімнің халі мүшкіл қарашы,  
Ай мен күннің аманында,  
Өз дінінен безінгенде қайтесің,  
Өз бауырың, қазағымның баласы.  
Жүрегімнің көп қой шіркін,  
Айтылмаған наласы,  
Асқынғанын байқаймысың,  
Қоғамымның жарасы.  
Басыныпты өзге діндер  
Ұлтымыздың санасын,  
Өз-өзіне жапсыруға, өзгелердің аласын,  
Асығасың одан нені табасың?  
Қайран ұлтым, қайда жүзіп барасың?



Кұрбы қыз!

Іздеймін,  
Бойыңнан иба, нәзіктік,  
Білмеймін,  
Сырынды бүгін аз ұқтық.  
Гүлдейсің,  
Өңірдің сәнін келтірер,  
Жүргейсің,  
Қадамды әркез басып нық.

Тіл тиді,  
Түсті ғой еңсем қынжыла,  
Жүрмейді,  
Булыққан әмір тұншыға.  
Үрлейді,  
Үкілі үміт санаға,  
Сенбеймін,  
Өң емес, бәлкім түс шығар.

Не деймін?  
Қазақтың қаны бойыңда,  
Жүдеймін,  
Тым жеңіл болса ойыңда.  
Түнейді,  
Беймезгіл келіп жаман ой,  
Тербейді,  
Көңілсіз тылсым қаймыға.

Кұрбы қыз,  
Жаңсақтау бастың қадамды,  
Жүрміз біз,  
Зерттей де алмай ғаламды,  
Тимеші,  
Өзгелік кесір өзгемен,  
Игісі,  
Қазақы болсаң болғаны.

Қазақы болмыс,  
Қазақылықтан қашпашы,  
Кетсінші бәрі,  
Әдептіліктен аспашы,  
Қазақ аруы,  
Жанарлар саған телмірді,  
Қанеки гүлім,  
Жақсылықтарға басташы!

Азғырым менің – таусылмас мұңлы  
жыр-ай бір

Қасірет шегіп үнсіз тек бұғып жатсың-ау,  
Сезе алар ма екен қайғынды біздей өзгелер.  
Халқыңда сенің өкініш, айып тасқын-ау,  
Солардын бәрі атқылар сәтті көз көрер.

Топырағыннан нәр алып өскен тек мен бе?  
Зардабын көріп келеді қанша жамағат.  
Кемтар боп сәби тоғыз ай бойы күткенде,  
Ондайды көрген жас ана мәңгі жаралы-ақ.

Кезінде бәрі жақсы еді дейтін карттарым,  
Қатарын сиреп, үмітпен жасқа қарайсын.  
Сезесің бірақ сакадай сайлы жастарын,  
Отызға жетпей ауру меңдеп дейсің бе оны  
оңай сын.

Жанарлар көрдім қызғана маған қадалған,  
Жаралы жүрек, кішкене ғана сәбилер.  
Тағдыры солай қызығы ерте тоналған,  
Жасанды күлкі әрленген солай әр үйлер.

Содан да болар жүйкесі әбден жұқарған,  
Үміттен дейді біздерге мынау не қайыр.  
Ұмтылған жандар көрмедім жолда бұлттарған,  
Азғырым менің таусылмас мұңлы жыр-ай бір.

Сыналған жердің жыры да бөлек білсеңіз,  
Елі мен жері мәңгіге олар жаралы.  
Жағдайын сұрап, қош сәлсем айтып жүрсеңіз,  
Біздерде білсен соған да мәз боп қалады.

Ал өзім солай ояндым ауыр зілменен,  
Күніренген күйі таңым да атты жәй ғана.  
Ойладым тағы ауылды күйсіз түнерген,  
Қуарған сенім, алдамшы үміт қайда да.

## Үмітімді үзбеші...

Сағынтып жеткен нұрлы көктемнің алғашқы күні. Арайлы күн шуағы жердің бетін мейірімге бөлеп, сәулесін шашып, көк жүзінен күле қарайды. Мынау әлемді қараңғылықтан сақтап, жарыққа, жақсылыққа шақырғандай. Еркелей ойнаған таңғы жел де лебімен сипап, бойынды қуанышқа бөлейді. Қыстың қаһарынан қорқып қар астына жасырынған жасыл желек те жер бетіне шыға бастапты. Жәрдем сұрап, жылулық тілегендей мөлдіреп қана шықтанып тұр. Киімсіз қалғандай қурап қалған ағаштарға да өң кіре бастаған. Табиғаттың әрбір жаратылысын қуанышқа бөлеген арайлы көктем жыл сайын осындай сыйымен, мейіріммен келетін.

Азамат табиғаттың осы бір тамашасына таңырқай қарайды. Көктемнің әсері болар оның бойын белгісіз бір қуаныш кернеп, елдің бәріне күле қарайды. Жаны жақсылыққа, әдемілікке құмар болғандықтан ба көктемді ерекше жақсы көреді. Осы көктем болатын оның жүрегіне нәзік бір сезім ұялатып махаббатқа бөлеген. Осы көктем болатын оның арманын орындатып, қияларға жетелеген. Жайдары көктемнің жарқын күндері болатын Азаматты жарымен табыстырған. Жылы жүзді, күлім көзді, сүп-сүйкімді сүйіктісі Айсұлу өміріне көктем боп еніп, жанына жылу сыйлаған. Өз көктемі есіне түскенде ерекше сезімге бөленіп, өз-өзінен жымып қойды. Әдемі күлкісі, еркелей қарап тіл қатқаны, бәрі де жарасымды. Үйінен жаңа ғана шықса да аяулы жарын көргісі келіп, бойын сағыныш кернеді. Өзінің осы бір қылығына күлкісі де келді.

Таңғы сұлулықтан көз алмай, сүйсіне қарап, үлкен ой үстінде келе жатқан Азамат жұмысқа жеткенін де байқамай қалды. Бүгін әдеттегісінен ерте келген еді.

Өз орнына отырарда қасындағы Айдардың әлі келмегенін байқады. Үнемі жүзінен күлкі кетпейтін, елдің бәрін әзілімен баурап алатын көңілді жігіт Азаматқа бір түрлі ыстық көрінетін. Есіне алғаны сол еді ол да есіктен кіріп келді:

– Ассалаумағалейкум, бауырым, – деп Азаматқа қолын созды.

– Уағалейлумассалам, – деді Айдардың қолын алып. Айдардың жүзінен күлкінің ізі байқалады. Оның қандай да бір қызыққа тап болмай жүре алмайтынын білетін Азамат та:

– Екі езуің екі құлағыңа жетіп өзің бір үлкен істі тындырып келген сияқтысың ғой, деп Айдарға көзінің қиығымен қарап қойды. Аяғын айкастырып, бастықтарша қосіліп отырған Айдар:

– Әрине, мендей адам бос жүруші ма еді, – деп көкірегін керіп, кеудесін ұрып қойды. Бұл қылығына Азаматпен қосылып өзі де бір күліп алды да, орнынан тұрып Азаматтың қасына келіп, ентелей қараған бойы әңгімесін бастап кетті.

– Бүгін танертең бір қызыққа тап болдым.

– Білем ғой сенің қызықсыз жүре алмайтыныңды.

– Күндегідей автобусқа міндім. Өзің білесің, іші толған адам, ине шаншар жер жоқ.

Әйтеуір бір жерден тұрып тұратын орын бұйырды. Онда да емін-еркін тұра алмай, қысылысып, сығылысып бір аяқтап әрең тұрғанмын. Сондай кезде, «әй, осыдан қарап тұр, жынды машина алмасам ба» деп қоясың ғой, – деп бір күліп алды.

– Содан не болды, тезірек айтшы, осы сенің сыздықтатып тұрып алатының-ай, – деп Азамат шыдамсыздана бастады.

– Әңгімені айтқан соң дәмін келтіріп, байыппен, осылай мен сияқты айту керек қой.

– Әй, саған дауа жоқ. Сонымен әңгімеңді жалғастыршы.

– Иә, жалғастырайын. Содан қысылып әрең тұрмын. Қасымда бір әжей тұрған.

Қайта-қайта маған қарай береді. Өзім тіпті ыңғайсызданып кеттім, «мына кісіге не істеп қойдым» деп қоям. Әлгі кісі енді тесіле қарауды шығарды. Бір кезде айқай салды: «Әй, ұстаңдар мына бұзақыны» деп құлағымнан шап беріп ұстай алды. Не болғанын түсіне алмай, сасқанымнан «әжетай, құлағымды жіберіңізші» дей беріппін.



– Өзіне де сол керек, – деп Азамат каркылдап күле берді.

– Содан не керек, әлгі әжейден әрең құтылдым. Сөйтсем бүкіл автобусты басына көтерген әжейім мені өзінің ақшасын ұрлаған басқа біреумен шатастырып алған екен. Орта жолдан түсіп калып, әлгі әжейге әрең дегенде түсіндірдім-ау. Әжейден құтылғанымға қуанып, екі езуімнің екі құлағыма жетіп тұрғаны содан ғой, – деп Айдар тағы да жымыып қойып орнына отырды.

– Өзін де қызық іздеген бәлесің ғой, – деп қойды Азамат.

Осылай күліп отырғанда сыбырлап қана амандық сұрасып, жандарынан Ербол өте шықты. Үнемі бастыққа жағымпазданып, қасынан шықпайтын Ербол да Азаматпен бір уақытта жұмысқа қабылданған. Алайда қандай жолмен екені белгісіз екі айдың ішінде орынбасар болып шыға келген. Азамат осы бір жүзінен жымысқы күлкісі жыйылмайтын қу мінезді Ерболды көре сала жактырмаған болатын. Ербол да Азаматпен тайталасып, үнемі озық көрінуге тырысатын. Сырттай білдіртпесе де, іштей бәсекелесіп жүретін. Танғы көңіл-күйді Ерболдың өтірік күлкісі бұзды да кетті. Содан ары бітпейтін құжаттарды реттеу, түрлі құрылыс сызбаларының үлгісі, онымен қоса бастықтардың қосымша тапсырмалары Азаматты қалжыратып тастады. Жұмыс аяқталысымен үйіне қарай асықты.

Асыға басып үйіне ентелей кірген Азамат күтпеген көрініске тап болды. Үйдің іші ала көленке. Жадырап күліп қарсы алатын жары да көрінбейді. Азамат мүлгіген тыныштықтан корка бастады. Қас қағым сәтте түрлі-түрлі ойға кетіп үлгерді.

– Айсұлу, – деп үрейлене дауыстай берді. Жатын бөлмеге қарай аяқ басты. Айсұлу әлі де төсектен тұрмаған екен.

– Айсұлу, ауырып қалғаннан сауымысың? Саған не болды? – деп жанына жақындай түсті. Нендей жағдайдың орын алғанын түсіне алмаған Азамат Айсұлуға қайта-қайта қараумен болды. Бір кезде басын әрең көтерген Айсұлу:

– Қашан келдің? – деді. Сұраққа жауап берместен, әйелінің сұрланған жүзіне шошына қараған Азамат:

– Түріне не болған ауырып тұрсың ба? – деп қайта сұрады.

– Жоқ, бәрі дұрыс, шаршағандықтан ғой, – деп жымыып қойды. – Аз ғана жатып демалып алайын деп едім ұйықтап кетіппін ғой. Сағат неше болды?

– Жеті.

– Уақыт деген зымырап өте шығады екен-ау, қалайша ұйықтап қалдым екен, әлі кешкі ас та дайын емес, – деп әбігерленген Айсұлу солқылдатып бара жатқан басының ауырғанын білдірмеуге тырысып орнынан тұрып, үстін ретке келтіріп, ас үйге қарай асықты.

Жарының бұрын-соңды мұндай қылығын көрмеген Азамат тандана жүріп киімін шешіп, бір сәтке тынығып алмақ ниетпен көзін жұмып, төсекке жантая кетті.

Айсұлу екеуі теңіз жағасында серуендеп жүр. Әдемі табиғат, таза ауа, екеуін де қуанышка бөлеген, жүздері бал-бұл жайнайды. Әсіресе, Айсұлу ерекше сұлуланып, құлпырып тұр. Бір кезде қол ұстасқан Азаматтан алыстап, желмен ойнаған қолаң шашы төгіліп, күлімсіреген күйде теңізге қарай кетіп бара жатыр. Аласұрған теңіз толқындары Айсұлуды құшағына алып, тұңғыыққа батырып жіберді. Азаматты байлап қойғандай, артынан жүгірейін десе, қозғала алар емес. Тынысы тарылып, қысылып бара жатыр. Қолын босатпак болып жұлқып қап еді, түсі екен. Тұра салып Айсұлуды іздеді. Жүрегі дүрсілдеп, үсті-басын тер басып кетіпті. Ас үйге жүгіріп шығып Айсұлудың еш қамсыз ас дайындап жүргенін көріп, сабасына түсті. Жаңағы шым-шытырықтың бәрі бейуақта ұйықтап кеткеннен болар деп өз-өзін жұбатқан болды. Қасық алмақшы болып бұрыла бергенде жарының бозарған жүзін көрген Айсұлу шошына қарап:

– Саған не болған? Есіктің аузында не істеп тұрсың? Түрін өзгеріп кетіпті ғой, – деп асыға басып жанына жақындады.

– Ештеңе емес, жай сені көргім келді. Сыртыннан қарап сүйсініп тұрғаным ғой, – деп, бауырына тартты. Азамат Айсұлуға жаңағы түсін айтып, аландатқысы келмеді.

Жұбайының түсініксіз қылығына танданған Айсұлу:

– Онсыз да күнде көріп жүрсің ғой, қайта-қайта маған қарай беруден жалыққан



жоксын ба?– деп әзілдеп қойды.

– Мен сенің жүзіңе күнде карасам да тоймаймын ғой, мен сондай тойымсыз адаммын,– деп Азамат та әзілмен жауап берді. Жарасымды әзілге екеуі де жадырай күліп алды да кешкі ас ішуге кірісті.

Жарына жадырай карап, күлумен жүрсе де Азаматтың ойынан әлгі түс кетер емес. Кешкі ас үстінде де маза бермеген ой, міне, енді ұйқы бермей ызыңдап тұрып алды. Дәл осылай Айсұлу да ұйқысыз жатыр. Оның денсаулығы сыр беріп жүр, басының ауырғаны соншалық, біреу инемен тескілеп жатқандай көрінеді. Бүгінгі ұйықтап кеткенін де шаршағандыққа жаба салды. Шын мәнінде, басын көтеруге шамасы келмеген еді, әйтеуір бар күшін жинап, көңілді жүруге тырысты. Онсыз да басынан жұмысы артылмайтын Азаматқа ештеңе айтпау керек деп шешкен. Жаңадан жұмысқа тұрып, енді-енді еңселерін көтеріп, ел қатарына қосылып келе жатқанда масыл болып, артық шығын шығармаудың қамын ойлаған. Осылайша бірінен-бірі сыр жасырған жас жұбайлар өздерімен-өздері арпалысып жатып ұйқыға кетті. Олар жасырған сыр қап-қара түнге ғана мәлім еді.

Түнде кеш ұйықтаған Азамат бүгін жұмысқа кешігіп келді. Ол үшін бастығынан сөгіс те алды. Оның кешігіп келгенін Ерболдың жеткізгенін де кейіннен білді. Тапсырған құжатты да дұрыс орындай алмай, қателік жасаумен болды. Мазасыз ойдан әлі де арыла алмаған Азамат үйіне ерте қайтып кетті.

Үйіне келіп, күлімсірей қарсы алған жарын көргенде ғана шаршағаны басылып, жаны тыныштық тапты. Айсұлу да Азаматтың жұмыстан ерте қайтқанына қуанып қалды.

– Қаласаң ас дайындап берейін, қарның ашқан шығар?– деп бәйек қағып жүр. Асқа тәбеті болмай тұрғанын айтып, жай ғана демалғанды жөн көрді. Бүгін Айсұлу ерекше қуанышты сияқты көрінді. Үйдің ішін тап-тұйнақтай етіп жинап, гүлдерге су құйып, өзінше әндетіп жүр. Жарының бұл қылығын сырттай бақылаған Азаматтың ойына кенеттен «Айсұлудан айырылып қалсам не істеймін?» деген қорқынышты сауал орала кетті. Қорқынышты ойдың шырмауынан Айсұлудың:

– Мен біздің көп баламыз болып, бақытты да ұзақ ғұмыр кешкенімізді қалаймын,– деген сөзі құтқарды.

– Әрине, бақытты боламыз, көп баламыз да болады,– деп күліп қойды Азамат. Қылығымен баурап алатын Айсұлу еркелей қарап қойып, ас үйді жинастыруға кетті. Бірнеше уақыттан кейін ыдыс-аяқтың сынған даусы естілді. Ойында ештеңе жоқ Азамат ас үйге келді. Келе сала жарының ес-түссіз құлап жатқанын көрді. Не болғанын түсіне алмай, көз алды тұманданып «Айсұлу» деп жұлқылай бастады. Ештеңені сезер емес. Бір сәтте есін жиған Азамат жедел жәрдем шақыртты.

Аурухана. Азамат мең-зең күйде. Жадырап күліп жүрген жарының аяқ асты мұндай күйге түскеніне сене алар емес. Ойына тағы да сол бір беймаза түс орала кетті. Сол түстің жайдан-жай кірмегенін енді түсінгендей. Ары-бері тенселіп, дәрігерлердің жауабын күтіп жүр. Ауруханаға әкеле сап бір бөлмеге алып кіріп кеткен, содан бері еш жауап жоқ. Жүгіріп өтіп жатқан медбикелерге жалтақ-жалтақ қараумен тұр.

– Кешіріңіз, сіз Айсұлу Омарованың жолдасысыз ба? – деген ұзын бойлы әдеміше келген сары қыз.

– Иә, мен.

– Жүріңіз, сізді бас дәрігер күтіп отыр.

Айсұлуға не болғанын біле алмай өрекіп тұрған жүрегі атша тулап қоя берді. Басын изеп жас қыздың соңынан еріп келеді. Өзін ату жазасы кесіліп, өлер күні жетіп, дар алдына бара жатқан адамдай сезінді. Аяқ-қолы дірілдеген күйде дәрігердің кабинетіне әрен кірді.

– Сәлеметсіз бе?

– Сәлеметсіз.

– Отырыңыз,– деді ақ халатты, аппақ жүзді дәрігер жігіт қарсысындағы орындықты нұсқап.

– Сізге қанша ауыр тисе де айту менің міндетім. Сіздің жарыңыздың ауырғанына көп уақыт болған.



- Ол сонда қандай ауру? – деді Азамат шыдамсыздана.
- Жазылмауы да мүмкін қатерлі ауру. Басында ісік пайда болған.

Қатерлі ауруды естігенде Азамат үндей алмай отырып қалды. Дәрігер сөзін жалғастырып жатыр:

- Егер мүмкіндік болса шет елге апарып, ота жасатуға болады. Онда да үміт аз.

Сізге қиын екенін түсінемін, алайда уақыт аз қалды, тезірек қаржы табу қажет.

Ойланыңыз.

Бөлмеден шыққан бойда, солқылдап жылады. Осыншалықты ауыртпалықтың бір басына түскеніне сене алар емес. «Неге біз? Неге мұндай күйге түсірдің Алла-ау! Қатерлі ауру, жазылмайды, мен Айсұлусыз не істеймін? Оның әдемі күлкісіңіз қалай күн кешемін? Қалай өмір сүремін? Мен... мен бәріне де кінәлі. Оған дұрыс қарай алмаған мына мен. Айсұлуда не деймін? Не істеймін?..»

Есін жиған Айсұлу қасындағы Азаматқа бір қарап, айналасына бір қарап, қайда жатқанын түсіне алмады.

- Азамат, маған не болды?

– Сен есіңнен танып, құлап қалдың. Содан осы жерге әкеп жатқызып қойды. Біраз ем қабылдаған сон жазылып кетесің деді дәрігер, уайымдама.

Салған дәрінің әсерінен бе Айсұлу қайта ұйықтап кетті.

Өзгенің алдында иілгісі келмесе де, жарының амандығын ойлаған Азамат ертесінде Ерболдан ақша сұрауға бел байлады. Ерболды танертеннен бері күтумен жүр. Судай жаңа көлігінен түсіп, шірене басып келеді. Алдынан қарсы шыққан Азаматты елегісі де келмейді. Амандаса берген қолын да ерініп әрең алды.

– Иә, не жағдай? Не сұрайын деп тұрсын? Білем ғой мен сендерді бір нәрсе керек болғанда ғана осылай жағымсыздарыңды, – деді Ербол өзі сүттен ақ, судан таза адамдай көрініп. «Біз де сені білеміз, талай былықтың ортасында жүрсін ғой» дегенді іштей ойлаған Азамат «нағыз жағымпаз сенсін» деп айта жаздап, сабырға келді.

- Маған қарызға ақша бере аласыз ба?

– Ақша дейсің бе? – Ерболдың жүзі күрт өзгеріп кетті де, – Ақша жоқ қой, – деп Азаматқа көзінің қиығымен қарады.

Осыдан кейін-ақ Азамат мазалағанына кешірім сұрап, сырт айналып жүре берді. Жарының жаны азапқа түсіп, өлім мен өмірдің арасында жатқанын ойлағанда өзегін өкініш өртеген Азамат кімнен, қайдан ақша табарын білмеді.

Аурухана төсегіне байланған Айсұлудың жағдайы күннен-күнге нашарлап бара жатты. Өзінің қандай ауруға ұшырағанын білмесе де, енді қайтып айықпасына көзі жеткен тәрізді. Азаматтың да бармаған жері қалмады. Ешбір жаннан көмек болмады. Сонда да үмітін үзгісі келмеді. Бір күні түсте Айсұлу Азаматты шақыртты. Басын көтеріп, бар күшін жинап:

- Азамат, менсіз қалсаң көп қайғырма, – Азаматтың олай айтпа дегеніне

қарамастан, – мұқият тындашы, мен сенін қиналғаныңды көргім келмейді. Қу тізенді құшақтап, жалғыз қалғаныңды да қаламаймын, – деп сөзін қысқа қайырды. Одан әрі сөйлеуге шамасы жетпеді...

Кешке қарай Азамат қанша күннен бері қараусыз қалған үйіне барып қайтуды жөн көрді. Үйдің сәні де, ажары да, қуанышы да Айсұлумен бірге кеткендей қанырап тұр. Мүлгіген тыныштық қана. Сол тыныштық сұрланып тұрған бөлменің ішін одан әрі тұңғызға батырып, қараңғылыққа бөлеп әкетті. Сол сәтте тынысы тарылған Азамат терезені айқара ашты. Еңкейіп ұясына батып бара жатқан қып-қызыл күнге көзі түсті де, ішінен соңғы демі шыққандай күрсінді. «Осылайша менің де күнім батқаны ма? Шынымен де Айсұлудан айырылып қаламын ба? Жо-жоқ, олай болуы мүмкін емес. Айсұлу жазылады... Әлі-ақ жарқыраған күн қайта шығады. Ей, Алла, үмітімді үзбеші...»

*Талшын Солтанбаева*  
Қазақ филологиясы және әлем тілдері  
факультетінің 4-курс студенті



## Ауыл тіршілігі

Қаланың у-шу тіршілігінен бір сәт тыным тапқысы келетін қала тұрғыны ауылдың тыныштық тербеген кәусар ауасын аңсайтыны анық. Иә, самаурынның шайын ұрттап қойып, кең даланың еркіндігін сезініп жатқанға не жетсін, шіркін. Кешкі ауылдың көрінісінен өзі қора төбесіндегі үйілген шөпте ауызымен ши тістелеп, қолында дүрбісі бар адамға тамаша әсер қалдырады: өріс жақтан қойшының айғайынан бағытынан жаңылмай келе жатқан ешкі-қойлар, қора жақта таныс дыбысқа үн қосқан қозы-лақтар, сиыр мен сериалдың екі ортасында жүгіріп жүрген жөңгелер, ауылдың ана шетінде тастан қақпа құрып, өрістен үйге келмейтін қара тоқтыны ұмытып, ала допка ұмтылған қара домалақ балалар (сол балалардың ауылға шағын алаң салып берсе екен деген армандары да жоқ емес), ақшам уақытында азанмен қатарласып үріп жатқан ауыл иттері, бәрі-бәрі қаймағы бұзылмаған алтын бесік ауылдың бүгінгі тірлігінен сыр шертеді. Бұл – жаздың жайдарлы күндерінің бірі ғана. Қысқы ауылдың тіршілігі бір бөлек.

Биыл қыс қаһарына мініп, ауыл халқын әбігерге салды. Қар қалың түсіп, боранды күндер көп болды. Жолдар қар құрсауында қалып, қалаға қатынау қиындық туғызды. Аяз салдарынан мектептерде сабақ өткізілмеген күндер де болды. Қорасындағы төрт-түлігін төрт баламның қамы деп отырған ауыл жұрты жем-шөбін есептеп, күн мен түнді жалғап отырды. Оның да өзіндік себебі бар. Жазды күні жауын-шашын болмай, шөп шабу науқанына кері әсерін тигізген еді. Бұл жағдайды Алланың сынағы деп қабылдаған ауыл жұрты қиындыққа мойымай, шыдамдылық таныта білді.

Мінекей, көктемнің алғашқы күндері де ауыл халқының көңіл-күйіне қуаныш сыйлап келіп қалды. Бірақ та қыстың онайлықпен бергісі жоқ. Десек те, қыстың ауыр күндері артта қалды. Әне, тағы да көкжиектен күлімдеп күн шықты. Осылай жиырма төрт сағатын арқалаған уақыт зымырап өтіп жатыр, өтіп жатыр. Келер күннен тек қана қуаныш күтіп, Алладан отбасының, ағайын-туыстың амандығын тілеген ауыл жұрты осындай тіршілік етіп жатқан жайы бар...

\*\*\*

Арайлап атқан таңмен бірге ауылдың тынымсыз тіршілігі басталып кетті. Үй мұржасынан баяу будақтап шыққан түтіннің бәрі жолдарын іздегендей алып көгіне шашырап, жайылып, маң-маң басып барады. Қора шөпте қораздың қайта-қайта айғайынан, әбден жалыққан тәрізді екі-үш сиыр өріс жаққа беттеді. Әп-жөпте тастап кеткен суық тезектерінің иісі басында оюлы тақия, үстіне жамау жемпір киіп, қолы да ұзын шыбығы бар қара баланың үйқысын шайдай ашты. Түні бойы қапас қорала қайыс арқанмен байланып тұрған жануар еркіндікті аңсағандай дархан далаға ұмтыла берді. Сиялыларды өріске шығарып сап, қара бала ауылдың таңғы көрінісін құштарлықпен тамаша ішіп, шыбығымен жер сызылап үйіне қайтып келді. Келе сала күнделікті тірлігіне кірісіп кетті. Көкжиектен күлімдеп күн шыққанша жұмысын бітірген немересін қарт әже шайға шығарды. Самаурыннан күйылған шай мұрнынан су аққан баланың жан-жүйесін жадыратты, білем. Шай үстінде немересі мектепке барған қатарластарынан қалып қойғанын, солармен бірге болғысы келетінін айтып, көзіне жас алып үйден шығып кетті.

Мінекей, ауылдың күйбең тіршілігінің бір көрінісі – осы. Жасы жетіден асса да, ауылдың кейбір жүгірмектері мектеп босағанды аңғай алмай жүр. Оған не себеп? Сол баяғы мектепке киетін киім-кешегі, қалам-қарындашы жоқ. Отбасы жағдайы төмен болғандықтан ата-аналар балаларын ішкер асын тапсын деп қара жұмысқа салып қояды.

Атағы дардай Шерхан ағамыз айтқандай, бұл да бір кем дүние-ау.

Оралхан Қожанов  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
4-курс студенті



# Махаббат шырғалаңы



*Алғашқы тырнақалды шығармамда бүгінгі таңдағы жастар өмірінің бір мысалы алынған. Болған жағдайдың қай ісі дұрыс, ал қайсысы бұрыс болатынын кейіпкерлер арқылы жастар ажырата білсе екен деп ойладым. Қатысушылар «айтатын» мәселелер қоғамда жиі кездесіп, сан түрлі талқыға түседі. Бұған қатысты сіздердің де ойларыңызды білгім келеді. Бес актылы шығармада олқылықтар болып жатса, айып етпеңіздер.*

**Автор**

## Қатысушылар:

Айым –3-курс студенті  
Арман –Айымның топтасы  
Мирас –студент, Айымның бұрынғы сыныптасы  
Айханым – Айымның ең жақын құрбысы  
Қуаныш – студент, Айымның көршісі  
Нұржан Алпысбайұлы – профессор, кафедра меңгерушісі  
Қуаныштын әжесі  
Қуаныштын жеңгесі  
Қуаныштын туыстары  
Студенттер

## Бірінші акт Бірінші сахна

Жатақхананың кең, жарық бөлмесі. Терезеден түскен күн сәулесі сабақ оқитын үстел үстіндегі айнамен шағылысып, бөлмені одан сайын жарқыратып тұр. Айым өз төсегінде отыр.

**Айым:** Ішім пысып кетті. Айханым да келмей қойды ғой. Тамақ пісіріп, үй жинағым келмейді. Сабақ оқуға да зауқым жоқ. Оқудан қашып кетпеу керек еді. Дәріске қойылатын балды да жоғалттым. Агентке кірейінші, кім бар екен...

Дәл осы кезде телефон экранында «Мирас Байжуманов предлагает вам дружбу» деген хабарлама шығады. Айым аң-таң.

**Айым:** Мирас Байжұманов деген 1-сыныпта менімен бірге ауылда оқыған бала емес пе?! Екеуіміз бір партада отырушы едік...Әлі есімде, сондай сүйкімді бала болған. Фотосын көрейінші, қазір қандай жігіт?... Бұл оның емес, менің сүйікті футболшымның суреті ғой...Ол сабақты да жақсы оқушы еді. Мираның үйі біздің көшеде болғандықтан, сабақтан соң үйге бірге кететінбіз. Ой, балалық деген қандай күшті!!!  
Ол маған неге «дружба» жіберді екен? Менің оның есінде болғаным ба? Әлде бұл кездейсоқ жағдай ма? Не де болса қосайын.

## Екінші сахна

**Кітапхана. Студенттер кітап оқып, семинарларын жазып, әңгімелесіп отыр.**

**Айым мен Айханым да солардың қатарында.**

**Айханым:** Айым, саған не болған? Кітапты теріс қойып оқитын болғансың ба? Бір жұма болды агентте күні-түні отыратыныңа. Бұрын көп болғанда 10 минут «отошла» деп отыратынсың, агентті жақтырмай. Агентте көп отырсам маған ұрысатынсын, енді өзін телефонға байланып қалғандайсың.

**Айым:** Жо-жоқ, бәрі дұрыс.

**Айханым:** Ендеше не болды? Біртүрлі болып жүрсін.

**Айым:** 1-сыныпта менімен бірге Мирас деген бала оқыған, сол 1-сыныптан соң қалаға көшіп кетті. Содан бері көрмеп едім. Өткенде ол агентте «дружба» жіберді. Костым, бірақ өзі мүлде көрінбейді.

**Айханым:** Е, сенің уайымың сол ма? Қазіргі агенттегі жағдай сондай. Жігіттер жібереді, біз соған мәз болып қосамыз. Олар біраз уақыт агентке шықпай, әдейі бізді қызықтырады. Содан соң пайда болып, басынды айналдырады. Бір-екі рет хат алмасқан соң «сүйемін, күйемін» деп жазады. Сосын жердің түбіне түсіп кеткендей сені «игнорға лақтырады» да, басқалармен көңіл көтереді. Сенікі де сондай жағдай болған ғой, құрбым. Оған несіне бас қатырасың.

**Айым:** Мирас олай жасамайды.

**Айханым:** Жаңа ғана ол бұрынғы сыныптасым, оны көрмегелі 10 жылдай болды дедің.

Оның қандай екенін қайдан білесің? Мүмкін, «агент бабнигі» шығар.

**Айым:** Олай деп ойламаймын.

**Бұл кезде агентке қараған Айым Мираның «онлайнмен» агентте отырғанын көреді.**

**Айым:** Шықты, шықты! Уррраааа!!!

**Айханым:** Не болды жерден жеті қоян тапқандай қуанып?

**Айым:** Мирас, Мирас агентте.

**Айханым:** Жаным-ау, сен танымайтын адамға ғашық болып қалғансың ба өзі?

**Айым:** Жоға. Бірақ ол жазбай отыр.

**Айханым:** Айттым ғой, агенттегі жігіттер қулығы бұл.

**Айым:** Жазып жатыр. Не деп жазды екен... Привет!

**Айханым:** Тұра тұр, бірден жауап берме.

**Айым:** Мен «Сәлем!» деп жазып, жіберіп қойдым.

**Мирас:** Как дела?

**Айым:** Хорошо. Как у тебя?

**Мирас:** Отлично!

**Айым:** Ты меня помнишь?

**Мирас:** Извини, но нет

**Айым:** Мы в первом классе вместе учились.

**Мирас:** Да? Тогда я рад.

**Айханым:** Айттым емес пе, оның есінде жоқ, ол кездейсоқ жіберген деп.

**Айым:** Жарайды енді, ол кезде бәріміз бала едік.

**Мирас:** Где ты учишься?



**Айым:** В ПГУ. А ты?

**Мирас:** Я тоже.

Осылай жазған соң Мирас «ошіп қалды». Айымның көңілі сәл де болса орнына келді.

### Үшінші сахна

Айым бөлмеде тамақ пісіріп жүр. Мұнымен қоса агенттен де соңғы кездегідей көз алмауда. Бөлмеге Айханым кірді.

**Айханым:** Айым, тамақ күйіп жатыр.

**Айым:** Ой, байқамай қалыппын.

**Айханым:** Қайдан байқайсың, телефонның ішіне кіріп кетердей боп тұрсың. Тағы да Мираспен сөйлесіп отырсың ба?

**Айым:** Иә.

**Айханым:** Сен оны көрмей жүріп ғашық болып қалғансын-ау деймін. Қашан кездесесіңдер?

**Айым:** Білмеймін.

**Айханым:** Сұрасайшы енді.

**Айым:** Когда встретимся?

**Мирас:** Незнаю.

**Айым:** Ол да «білмеймін» дейді.

**Айханым:** Айттым ғой. Осылай өздеріне ғашық етеді де, жоқ болады бұл жігіттер.

**Мирас:** Может сегодня увидимся?

**Айым:** Хорошо. Во сколько?

**Мирас:** Через час. В парке.

**Айым:** Договорились.

### Төртінші сахна

Күзгі кеш. Айымның саябақта Мирасты күтіп отырғанына жарты сағат болды. Тақта жалғыз отырған қызға тесіліп карап өткен жігіттердің бәрін Мирас деп ойлайды. Ол оның түрін білмейді де. Мирастың аватаркасында футболшының суреті тұр. Хабарласайын десе нөмірі де жоқ. Мирас та Айымның жүзін танымайды, себебі Айым өзінің фотосын емес, Айшвариа Райдың суретін қойған еді. Күн ұясына батып, айнала қара түске бояна бастады. Тек саябақ ішіндегі шамдар ғана сәуле беріп тұр. Осы кезде Айымның жанына сұңғақ бойлы, әдеміше келген жігіт жақындады.

**Мирас:** Привет! Ты же Айым?

**Айым:** Привет! Да. А ты Мирас?

**Мирас:** Так точно. Извини, что опоздал, я на заправке задержался.

**Айым:** Ладно, ничего. А как ты узнал меня?

**Мирас:** В парке только три девушки сидят одни. Одна беременна, другая курит. А так, как по моему мнению ты не относишься к таким, значит третья это ты.

**Айым:** У тебя хорошее размышление.

Екеуі осылай әңгімені бастап, екі сағат өткенін байқамай қалыпты.

**Айым:** Ой, уже 22:50. Мне быстро надо домой, иначе меня не впустят.

**Мирас:** Хорошо. Я тебя довезу.

### Бесінші сахна

**Ай жарығы мен көше шамдарымен жарыктанып тұрған бөлме. Айым Айханымды оятып алмас үшін сықырлауық есікті сәл көтеріп ашып, аяғының ұшымен жүріп бөлмеге кірді. Ұйқы көзіне тығылып тұрса да сан алуан ойлар маза бермеді.**

**Айым:** Мен не істеп жүрмін? Соңғы кезде Мирастан басқа ештеңені ойламайтын болыппын. Ата-анама бұрынғыдай жиі хабарласпаймын. Сабакты ынтасыз оқимын. Үй шаруасына қарамайтын болдым. Мирасты бүгін ғана көрдім, бірақ бұрыннан білетін адамым сияқты. Онымен сөйлесіп жүрген екі апта аралығында өзгергендеймін. Неге ол менің ойымнан шықпай жүр? Оған ғашық болып қалған жоқпын ба? Жок! Токта, Айым! Бұлай болмайды. Сен күндіз-түні Мирасты ойлауыңды қой. Оны танымайсың деуге болады. Оған қоса, сенің ұнататын адамың бар. Ол – Арман. Бірақ оған өз сезіміңді айта алмай жүрсің ғой. Бұл қалай болғаны сонда? Мирас па, Арман ба? Ойым не дейді? Жүрегім не дейді? Ойымда Мирас, жүрегімде Арман. Енді не істеймін? Мираспен ара қатынасымыз не болады? Арманға сезіміңді айтайын ба? Бәрі қалай қиын еді... Қойшы, жарайды, не боларын уақыт өзі көрсетер. Екеуін де ойлай бермей, ұйықтайын. Ертең бірінші пара кафедра меңгерушісінікі. Оның сабағына кешігіп барсам, оңбаймын...

**Екінші акт  
Бірінші сахна**

**Жатақхана есігінің алдына сары кілем төсеп қойғандай. Айналаның бәрі де күзгі реңкке боянған. Ұйықтап қалған Айым есік алдына жүгіріп шықса, есік алдында Арман тұр.**

**Арман:** Қайырлы таң, Айым! Ұйықтап қалғансың ба?

**Айым:** Сәлем, Арман! Иә, Нұржан Алпысбайұлының сабағына кешігетін болдым.

**Арман:** Сен естіген жоқ па едің?

**Айым:** Нені?

**Арман:** Ол іссапарға кетті. Бүгін болмайды. Е, сен кеше дәріске келмедің ғой, сондықтан білмейтін боларсың. Айханым да айтпады ма? Айтпақшы, ол өзі қайда?

**Айым:** Уф-ф-ф-ф!!! Демек, оның сабағы болмайды ғой? Айханым ұйықтап жатыр. Біз кеше сөйлескен жоқпыз. Мен үйге кеш келдім, келсем ол ұйықтап жатыр екен. Жана оятып едім, тұрмады.

**Арман:** Болмайды. Ол білген соң ұйықтап жатқан шығар. Сен неге кеш келдің?

**Айым:** Танысыммен кездескем.

**Арман:** Түсінікті. Асықпай университет жаққа әңгімелесіп барайық. Екінші параға дәл барамыз.

**Айым:** Жарайды, жақсы. Кеттік.

**Айым мен Арман жатақханадан университет жаққа бет алды.**

**Айым:** Шынымды айтсам, Нұржан ағайдың сабағына барғым келмейді. Әр дәріс сайын ананы, мынаны айтып бас ауыртады. Шаршап кеттім.

**Арман:** Өмірде көргені көп, зейнет жасындағы адам ғой. Сондықтан бізге үлгі, өнеге болсын деген ниетпен айтатын шығар.

**Айым:** Өткенде қоңырау болса да демалуға жібермей қойды емес пе? Таңдау жайлы әңгіме айтып. «Мамандық және жар таңдауда қателеспеу керек» деді. (Сәл ойланып) Арман, махаббат жайлы не ойлайсың, қандай жарды таңдар едің?

**Арман:** Махаббат – жан мен тән сұлулығының үйлесімділігі.

**Айым:** Түрі онша емес, бірақ жаны сұлу адамдар бар емес пе?

**Арман:** Бар, келісемін. Алайда, оның бет-әлпеті әдемі болмаса, жанының әдемілігі рөл атқармай қалады. Екеуі де бар адам ғана нағыз сұлу.



**Айым:** Ал сенің жеке өмірің калай? Сенің сүйгеніңнің де жан мен тән сұлулығы үйлескен бе?

**Арман:** Өзірше ондай адамды кезіктірген жокпын. Мен мыңнан бірдің ғана қаны сәйкес келетін донор сияқты шығармын.

**Айым:** Айттым ғой, екі сұлулық сәйкескен адам сирек кездеседі деп.

**Арман:** Бірақ олар бар.

**Айым:** Жарайды, университетке келіп қалыппыз. Сабакка барайық.

**Арман:** Жүр, кешігіп қалмайық.

### **Екінші сахна**

**Арман, Айым, Айханым үшеуі жатақхана жакқа кетіп барады. Алдарынан Мирас шығады.**

**Мирас:** Привет!

**Айым:** Привет! Познакомьтесь, мои друзья – Айханым и Арман.

**Мирас:** Мирас! Айым, можно с тобой поговорить, если ты не против.

**Айханым:** Біз де кеткелі тұрғанбыз. Жүр, Арман, кеттік.

**Айханым Арманды алып кетеді.**

**Арман:** Бұл Мирас деген кім?

**Айханым:** Айымның бұрынғы-ы-ы сыныптасы, агент арқылы тауыпты. Біздің қыз соған ғашық болып қалған сияқты.

**Арман:** (таңданыспен) Не?

**Айханым:** Арман, шыныңды айтшы, Айымды ұнатасың ғой?

**Арман:** Иә

**Айханым:** Енді неге оған осыны айтпайсың?

**Арман:** Білмеймін, батылым жетпей жүр.

**Айханым:** Арман, сен қанша қыз іздесең де Айымнан артық қыз таба алмайсың. Егер өз сезімдеріңді жуық арада ашық айтпасаң, оны жоғалтып аласың.

**Арман:** Түсінемін, бірақ ол менің бетімді қайтарады деп қорқамын.

**Айханым:** Негізі, Айымға айтпауға уәде бергенмін, алайда айтпасаң болмайды. Айым да сені ұнатады. Сен жігітсің ғой, алғашқы қадам жасасаң, Айым сені қабылдайды.

**Арман:** Білмеймін, не істерімді білмеймін. Басым қатты.

**Айханым:** Жарайды, мен дүкенге кеттім. Сен жақсылап ойлан. Менің сөздерімді ұмытпа!

**Арман:** Көріскенше! Кенестеріңе рахмет!

### **Үшінші сахна**

**Кеш болып қалды. Айым әлі келген жоқ. Айханым уайымдай бастады. Телефонына жауап бермейді. Осы кезде дәлізден аяғын шапшаң басқан адам даусы естіледі.**

**Айханым:** Келдің бе, әйтеуір? Қайда болдың? Уайымдадым ғой. Қоңырауға неге жауап бермейсің?

**Айым:** Мираспен бірге жүріп қайттым. Қорықпа, алаңдайтындай ештеңе жоқ.

**Айханым:** Шыныңды айтшы, сен оны ұнатасың ба?

**Айым:** Білмеймін, мүмкін.

**Айханым:** Ал Арман ше? Сен оны ұнатушы едің ғой?

**Айым:** Оның тарапынан ешқандай әрекет жоқ. Мен өзім оның алдына барып: «Мен сені сүйемін!» демеймін ғой. Тәкәппарлық бар дегендей...

**Айханым:** Ол сені ұнатады, мен білемін.

**Айым:** Ұнатса, айтушы еді.

**Айханым:** Айтатын шығар.

**Айым:** Білмеймін, бірақ бұдан әрі «ол қашан айтады екен?» деп күтіп жүргім келмейді, жүрмеймін де.

**Айханым:** Не дегің келіп тұр мұнымен?

**Айым:** Бүгін Мирас «мен сені сүйемін, менің сүйіктім бол» деді.

**Айханым:** Сен оған сеніп қалдың ба?

**Айым:** Шын ниетпен, пәк көңілмен айтқандай болды.

**Айханым:** Сен не дедің?

**Айым:** Келісімді бердім. Бүгіннен бастап менің басым бос емес!

**Айханым:** Айым, бұның не? Қалай ғана келістің?

**Айым:** Одан басқа амал болмады.

**Айханым:** Арман не болады енді?

**Айым:** «Өзің сүйгенді емес, сені сүйгенді ал» деген сөз бар емес пе?!

**Айханым:** Сен Арманды ұмыту үшін Мирасқа келісім бердің бе сонда?

**Айым:** Иә. Жігітсіз жүргім келмейді.

**Айханым:** Дегенмен, Мирас екеулерін екі бөлек адамсыңдар. Басқасын айтпағанда, сен ұлтжанды қазақ қызы емес пе едің? Мирасың болса бір ауыз қазақша білмейді. Енді сен тілінді бұрап, онымен байланыс орнату үшін орысша шүлдірлегенінді жалғастырмақпысың? Патриоттығың қайда кеткен?

**Айым:** Махаббат оған қарамайды екен.

**Айханым:** Қайдағы махаббат? Жаңа ғана Мираспен Арманға деген сезімінді ұмыту үшін жүргенінді айтпап па едің? Махаббат дейді ғой енді.

**Айым:** Қайта жақсы. Оған қазақша үйретіп, ана тілін білетін азаматтар қатарына қосамын.

**Айханым:** Саған айтарға сөзім жоқ. Артық айтсам, ренжіме.

**Айханым есікті тарс жауып, шығып кетті. Айым құрбысының сөздеріне ойланып қалады.**

**Айым:** Мүмкін Айханымның сөздері дұрыс болар. Мен қателесіп жүрген шығармын. Арман мені шынымен ұнататын болса, неге айтпайды? Әлде өзім білдірейін бе? Жооқ. Мен қызбын ғой, қалай бірінші болып айтамын? Оған қоса, оған ұнататынымды айтам деп досымды жоғалтып алсам қайтемін? Және бүгіннен бастап менің жігітім бар. Арманға жігітім бол тұра сезімдер жайлы айтқаным дұрыс емес. Сосын Мираспен қатынасым қалай болады? Оны жоғалтқым келмейді. Туф-ф-ф. Екі оттың арасында қалғандай болдым-ау...

#### Төртінші сахна

**Студенттер аудиторияда дәріс тындап отыр.**

**Нұржан Алпысбайұлы:** Әубәкірова Айым

**Нұржан Алпысбайұлы:** Әубәкірова Айымбар ма?

**Айханым:** Бар, ағай, бар. Айым, неге жауап бермейсің?

**Айым:** Осындамын, ағай.

**Арман:** Айым, саған не болған? Әлде ұйқың қанбады ма?

**Айым:** Жақсы ұйықтадым.

**Арман:** Ендеше неге көңіл-күйің жоқ?

**Айым:** Жігітім ауырып қалды, соны уайымдап отырмын.

**Арман:** Не дейсің?

**Нұржан Алпысбайұлы:** Мейрамов, Әубәкірова, тыныш. Дәріске бөгет жасамаңдар.

**Арман:** Кешіріңіз, ағай.



Арманның өні бозарып, тұнық ойдың жетегіне кетті. Құдды біреу үстінен мұздай суды құйып жібергендей болды. Денесі калтырап, дірілдей бастады.

**Айханым:** Арман, қалайсың? Ауырып отырған жоқсың ба?

**Арман:** Жоқ

**Арман іштей өзін кінәлап, өкініп отырды.**

**Арман:** Ауырып отырмын, жүрегім ауырып отыр. Айымның сүйіктісі бар екен. Ол кім? Мирас шығар. Оның қандай қасиеті бар қызығатын? Неге оған ғашық болып қалған?.. Мен неге Айымды кәнілап отырмын осы? Бар ағаттық өзімнен. «Қолымды мезгілінен кеш сермедім»... Өз сезімді айтуға батылым жетпей жүргенде уысымдағы бақытты басқа біреу жұлып әкетті. Ал мен болсам, болашағымды Айыммен байланыстырып, армандап жүрмін. Тым кеш... Қазір Айымға оны ұнататынымды айтсам, екеуінің обалына қаламын. Айым мен Мирас бір-бірін шын сүйетін болар. Онда неге Айханым «Айым да сені ұнатады» деді. Мүмкін ол әдейі айтты. Әйтпеген жағдайда, Айым мені ұнатса, Мираспен жүрмес еді.

**Айым:** Мәссаған, мен не бүлдірдім? Арманға жігітім бар дедім. Бірақ, барлығын өзінен көрсін. Қашанғы оның ұсынысын күтіп жүремін? Шыдамым таусылды. Мені ұнататын, бағалайтын адам бар екенін білсін. Ал, мүмкін, Арман мені мүлде ұнатпайды. Жоқ, оның маған деген ерекше бір сезімі, ықыласы бар сияқты. Сеземін. Ендеше неге жұмған аузын ашпайды. Жігіт деген ширақтық танытып, қызға бірінші болып өз сезімін білдіруші еді. Арманда ондай жоқ.

Екеуі де өздерінше осындай терең ойға шомып, дәріс аяқталғанын да сезбей қалыпты. Нұржан Алпысбайұлының «Дәріс аяқталды, боссындар» деген сөзі оларға оятқыш даусындай болып, аудиториядан шықты.

**Үшінші акт**

**Бірінші сахна**

Студенттер аудиторияда дәріс тындап, ұйқылары келіп, маужырап, қонырау үнін асыға күтіп отыр. Стипендияны тағатсыздана күткен сәттегідей күй кешуде. Міне, көптен күткен дауыс та естілді. Қонырау... Қандай керемет! 15 минут үзіліс студенттерге өмірдің ең тәтті уақыты сынды. Аудитория іші у-шу. Бәрі ұйқылары келіп тындаған дәрісті талқылауда. Нұржан Алпысбайұлының жастар жайлы айтқан мәселелері де ойланарлық. «Еліміздің болашағы сендердің қолдарында. Сабақты дұрыс оқып, дәрісті жазып, тапсырмаларыңды орындап жүрсендер мамандықтарыңа лайық білім аласындар. Жоғары, сапалы білімді қызметкер ретінде аянбай еңбек етіп, оған қоса әрбірің отау құрып, ата-ана атанып жатсаңдар мелекетіміздің дамуына үлкен үлес қосасындар» дейді. Осыған қатысты да жан-жақты пікірлер айтылып жатыр. Осы кезде олардың әңгімесін есіктен көрінген бір шоқ раушан гүлдері бұзды. Барлығының көңілі соған ауды. Сәлден соң гүл әкелушінің өзі де көрінді.

**Мирас:** Айым, жаным! Сегодня нашей дружбе месяц. Но слово «дружба» слишком простое. Точнее говоря, прошло 30 дней с того момента, как сказал тебе о своей любви. Я каждый день говорю об этом и хочу повторить еще раз, я тебя очень сильно люблю!

**Айым:** (сәл таңданып тұрған соң) Рахмет, үлкен! Я не ожидала, спасибо!

**Бәрі шапалақтап, мәз-мейрам болды. Қыздар қызыға да, қызғана да қарады. Жігіттер Мирастың бұл әрекетіне тәнті болды. Тек Арман ғана онаша, шетте тұрып қалды.**

**Арман:** Қарашы, Айым қандай бақытты. Оның мөлдіреген жанарынан қуанышы анық көрініп тұр. Ылғи ақжарқын болып жүретін жүзі одан сайын балбұл жанды. Дидарында әсем, ерке күлкісі... Оны осыншама бақытты күйге жеткізген Мирас молодец! Менің қолымнан осы іспеттес қадам жасау келмеді. Өкінішті-ақ... Бірақ бұл өкініш мен үшін ғана. Жарайды, екеуін құттықтайын, әйтпесе ынғайсыз болар.

Айым, құттықтаймын! Сен қандай болсын сыйға лайықсын. Мирас, нағыз ер азаматсын! Бақытты болындар!

Мирас: Үлкен рахмет!

Сабақтың басталғанын білдіретін қоңырау соғылды. Аудиториядағы студенттердің қуанышты, жарқын жүздері бірден өзгеріп, шаршаңқы кейікке айналды. Мирас сабағына асығып кетті.

Екінші сахна

Айханым мен Айым бөлмелерінде отыр. Айым кітаптан бас алар емес, Айханым болса тырнағын бояп, сәнденуде.

Айханым: Айым?

Айым: О не?

Айханым: Мирас жаман жігіт емес сияқты. Бастапқы кезде ол жайлы ойлаған пікірлерімнен бас тартамын! Оның сені сүйетіні көрініп тұр. Тіпті, сен үшін көп жылдар бойы білмеген ана тілін де үйреніп жүр. Ал бүгін саған әкелген гүлін айтсаңшы! Қандай керемет! Неткен романтика!

Айым: Иә, солай сияқты.

Айханым: Неге көңілсізсің? Әлде әкелген раушан гүлінің үлке-е-е-н шоғы ұнамады ма? Мен сенің орнында болсам, бақыттан басым шыр айналып, сол жерде құлап қалар едім.

Айым: Қойшы, сенде асыра сілтейсің. Гүл ұнағанда қандай, тамаша! Мәселе онда емес.

Айханым: Енді неде?

Айым: Қанша «Мирас» деп жан ұшырып жүрсем де Арманды ұмыта алар емеспін. Жүрекке әмір жүрмейтіні рас екен. Оны оп-онай шығарып тастай алмаймын.

Айханым: Айым, бір шешімге келгенін дұрыс болар. Таңда, Мирас па, әлде Арман ба?

Айым: Қалай?

Айханым: Олардың жақсы және жаман жақтарын жазып, есептеп, сараптап көр. Кәне, тезірек, қағаз бен қалам ал.

Айым: Ойланып көрейін.

Айханым: Ойланатын несі бар, тез жаз.

Айханымның қағазында мынадай жазу болды

Арман	Мирас
Адамгершілігі бар+	Адами қасиеттері жақсы+
Ақылды +	Білімді+
Дүниетанымы кең+	Қазақ тілін жетік білмейді -
Сөздік қоры бай+	Орыс және ағылшын тілдерінде жақсы сөйлейді +
Көрікті +	Әдемі+
Сымбаты жақсы+	Дене пішімі жақсы+
Арақ ішпейді+	Арақ ішпейді+
Темекі шекпейді+	Темекі шекпейді+
Мені сыйлайды+	Мені сүйеді+

Айханым: Квартира мен машинасын да қос.

Айым: Қойшы, менің оларға қызықпайтынымды білесің.

Айханым: Сонда да. Ол бүгінгі күні қыздардың басты нысанасы.

Айым:

Арман  
Квартирасы жоқ -  
Машинасы жоқ -

Мирас  
Квартирасы бар +  
Машинасы бар +

Айханым: Сонымен?



**Айым:** Жазып болған сияктымын.

**Айханым:** Нәтижесін айтшы енді, білгім келіп барады.

**Айым:** Арманда екі минус, Мираста біреу.

**Айханым:** Иә, ол қандай минустар?

**Айым:** Арманның үйі мен көлігі жоқ, оның минустары осы. Мирастың минусы – қазақ тілін жетік білмеуі.

**Айханым:** Міне, «минус» пен «плюс» сен үшін бәрін шешіп берген секілді.

**Айым:** Мүмкін. Алайда, Арманның екі кемшілігінің Мирастың бір кемшілігінен салмағы жеңіл.

**Айханым:** Өзің айтпап па едің «қазақша сөйлейтін адамдар қатарын толықтырамын» деп, соған карағанда бұны керісінше жақсыға жору керек. Оған қоса, қазір қыздар үйі, көлігі бар жігіттерді ұнатпаса да, сондарынан жанағы байлықтары үшін жүгіреді. Сен болсан сондай жігіттің өзі саған келіп тұрғанда одан бас тартуды ойлайсың. Мұның дұрыс емес! Әрине, келісемін, бірінші адамның өзіне, адамгершілігіне қарау керек, ол Мираста бар да. Дегенмен, материалдық жағын да қарастырған жөн. Жарайды, Арманды сүйіп, оған күйеуге шықтың делік. Оның баспанасы, оны алатын ақшасы да жоқ қой. Сосын балаларыңды құшақтап, көшеде қаңғырып жүресіңдер. Ал пәтері бар жігітпен шанырақ көтерсен, өзіңнің жанын тыныш болады. Қайда барып тұрамын, қай пәтердің жалдама ақысы төмен деп бас қатырмайсың.

## **Төртінші акт**

### **Бірінші сахна**

**Айым мен Айханымның бөлмесі. Екеуі әр түрлі тақырыпта әңгімелесіп отыр.**

**Айханым:** Айым, сен қандай бақыттысың! «Жігіттердің» концертіне билет алып, сені шақырған Мирастың ісі үлгі тұтарлық екен. Менің де барғым келеді...

**Айым:** Мен өзім таң қалдым. Бәсе, «сен «Жігіттер» тобының әндерін тыңдайсың ба?» деп сұрай беруші еді, енді, міне, екеуіміз бірге барамыз. Қуанышымда шек жоқ. Және бірінші қатардағы орындарға билет сатып алыпты. Бірақ ол өлеңдерді түсінбей, ұйықтап кетпесе болғаны.

**Айханым:** Ол қазір қайта қазақша түсініп, әжептәуір сөйлейтін болды. Қойшы, бастысы, «Жігіттерді» көресіңдер, тыңдайсыңдар.

**Екеуі қолдарына бір-бір билет алып, соларға мәз болып қарап отырған кезде бөлмеге Арман кірді. Жанында орта бойлы, кара торы, қысықкөз, томпақ мұрын, үстіндегі киіміне темекі түтінін иісі әбден сіңіп қалған бір жігіт бар.**

**Арман:** Қалайсыңдар, қыздар?

**Айханым:** Керемет!

**Айым:** Рахмет, жақсы. Өзің ше?

**Арман:** Мен де жақсымын. Қасымдағы серігім бүгіннен бастап сендердің көршілерін болатын, менімен бір бөлмеде тұратын Қуаныш деген жігіт. Машфакта 3-курста оқиды. Сендердей жақсы қыздармен таныстыруға әкелдім.

**Қуаныш:** Сәлеметсіздер ме?

**Айым:** Сәлем!

**Айханым:** Қалайсың?

**Қуаныш:** Жақсы. Жарайды, әлі таныса жатармыз, мен заттарымды реттейін.

**Арман:** Жарайды. Жана мен көрсеткен жерлерге нәрселеріңді қоя бер. Мен қазір келемін.

**Арман іштей оқталып, не болса ол болсын деп, Айымды «Жігіттердің» концертіне шақырмақшы еді. Екі билет те алып қойды.**

**Арман:** (іштей) Мирас қазақша дұрыс ұқпайды ғой, осындай топ бар екенін білмейтін де шығар. Ал «Жігіттер» Айымның ең сүйікті әншілері. Дос ретінде оған концертке бірге баруға ұсыныс жасайын. Кештен шыққан соң оған өзін ұнататынымды айтамын. Бұдан әрі ішімде сақтай алар емеспін. Бәлкім, екеуінің обалына қалармын. Дегенмен, шешім қабылдау Айымның еркінде. Ол не десе де сөзін дұрыс деп есептейтін боламын.

Айханым, дәлізде біреу сені шақырып, айқайлап жатқан сияқты.

**Айханым:** Жоға, естимін ғой

**Аздаған үнсіздіктен соң**

**Арман:** Айханым, Қуанышқа көмектесіп келші. Жаңадан келді ғой.

**Айханым Арманның Айыммен оңашада қалдыруын өтініп тұрғанын енді түсінді.**

**Айханым:** Жарайды, мен кеттім.

**Арман:** Иә, иә, көріп кел. Айым?

**Айым:** Тыңдап отырмын.

**Арман:** Келесі аптада «Жігіттер» келеді екен, концерт береді.

**Айым:** Білемін, әр басқан қадам сайын афишалары ілініп тұр ғой.

**Арман:** Мен екі билет алып қойдым: саған және маған. Менімен бірге барасын ба?

**Айым:** Арман, негізі...

**Арман:** Иә, не болды?

**Айым:** Мирас шақырып қойған. Билетті де берді. Ренжіме!

**Арман:** Ештеңе етпейді. Сенікі дұрыс. Мен де жігіті бар қызға «концертке барайық» деп ұсыныс жасап, қателестім. Қайта сен айып етпе.

**Арман бөлмеден шығып кетті. Ол Айым міндетті түрде келіседі деген сенімде болды. Екінші бір нұсқа болады дегенді мүлде ойламады.**

**Арман:** Мен Айым келіседі деп нақты сенімді болдым. Ал, ол болса... Ол болса өз жігітімен барады. Дұрыс. Адал екен. Мирас оны концертке шақырса, демек қазақша толық түсінетін болды ғой. Бұрынғы кезбен салыстырғанда қазақ тіліндегі сөздік қоры да байып қалғандай көрінеді. Айым қандай керемет қыз! Осы уақытқа дейін ана тілінде шала түсініп, шала сөйлей алатын жігітті қазақиландырып келеді...

Бекерге үміттеніппін, бекер. Енді нақты бәрі бітті. Бұрын жүрегімде үмітімнің шоғы болатын, қазір ошіп қалды. Айымның басқа жігітті таңдағанын мойындауым керек. Оған деген сезімді ұмытуға тиіспін.

**Осындай ойлармен қарама-қарсы жақтағы өз бөлмесіне дейін жеткен уақыт та, бөлмелер аралығы да тым ұзақ болып көрінді. Өні қуарып, бөлмесіне кірді.**

**Айханым:** Арман, саған не болған? Бозарып кетіпсің. Бәрі дұрыс па?

**Арман еш үндеместен төсегіне жата қалды. Айханым Айым бұған жайсыз бірдене айтты ма деген оймен мәселенің мәнісін білу үшін бөлмесіне қарай жүгірді. Болмеге кірсе, Айым да бір заттан көз алмай, кірпік қакпай, терен ойға беріліп кетіпті.**

**Айханым:** Айым, не болды? Арман не деді, сен не дедің? Бөлмесіне кіргенде түрінен шошып кеттім. Жүзі аппақ болып келді. Не жағдай?

**Айым:** Ол «Жігіттер» тобының концертіне шақырды.

**Айханым:** Сен не дедің?



**Айым:** «Мені Мирас шақырып қойды, сенімен бірге бара аламаймын» дедім. Енді «аңдамай сөйлеген ауырмай өледінің» күйін кешіп отырмын. Мүмкін, бұл Арман екеуіміздің қосылуымызға жақсы бір мүмкіндік болар ма еді. Мирасқа бір сылтау тауып, Арманға келісім беруім керек пе еді. Соны ойлап, басым катып отыр.

**Айханым:** Уайымға салына бермеші. Бір жөні болар.

### **Екінші сахна**

**Мирас пен Айым жатақхананың алдында қол ұстасып тұр. Екеуі кинотеатрға барып келген еді. Жігіт оны көлігімен үйіне әкелді.**

**Айым:** Мирас, біз ертен концертке бармайтын шығармыз

**Мирас:** Неге?

**Айым:** Сабактан үлгере алмай жүрмін.

**Мирас:** Жарайды. Просто ты ведь сильно любишь эту группу. Сен көрсін деп ойлап едім.

**Айым:** Но не получится.

**Мирас:** Сенің айтқаныңдай болсын.

**Айым:** Сен ренжімейсің ғой?

**Мирас:** Жок. Главное то, что бы сен ренжімедін.

**Айым:** Нет, конечно, не обижусь. Маған осыншама көңіл бөлгеніне қуаныштымын. Рахмет саған.

**Мирас:** Мен сені сүйемін ғой.

**Айым:** Егер мен билеттерді досыма берсем қарсы болмайсың ба?

**Мирас:** Жоға, кімге подаришь?

**Айым:** Айханымға, оның барғысы келген.

**Мирас:** Біздің сыйлық болсын, барып келсін.

### **Үшінші сахна**

**Арман мен Қуаныш бөлмеде кешкі ас ішіп отыр.**

**Қуаныш:** Арман, сенің жүріп жүрген қызың бар ма?

**Арман:** Жоқ

**Қуаныш:** Неге?

**Арман:** Білмеймін.

**Қуаныш:** Ал маған көрші қыз қатты ұнады. Сұлу, ақылды, пысық, әдепті, сымбаты жақсы.

**Арман:** Кімді айтасың?

**Қуаныш:** Айымды, әрине. Оған ғашық болып қалдым.

**Арман қақалып, шашалды. Тамағынан ас өтпеді.**

**Арман:** Оның жігіті бар.

**Қуаныш:** Болса бола берсін. Не стенка же, подвинем.

**Осы кезде Арманның телефонына хабарлама келеді.**

**Арман:** Кім екен мені іздеген? Билайн шығар тағы. «Сумма на вашем счете составляет менее 150 тенге. Не забудьте пополнить баланс» деп жіберетін. Менің қамымды ойласа, 150 тенгеден асырып өздері салып бермей ме.

**Қуаныш:** Мүмкін саған ғашық көп қыздың бірі шығар. Солай сияқты. Сезіп отырмын.

**Арман:** Жоға

**Қуаныш:** Телефоныңды алып, қарасайшы.

Арман келген хабарламаны оқыса, Айымнан екен. «Тезірек бөлмеге келші» деп жазыпты.

#### Төртінші сахна

Арман Айымның өтініші бойынша оған келді. Айым жалғыз, сабақ оқып отыр екен.

Айым: Кел, төрлет, Арман.

Арман: Бірдене болып қалды ма?

Айым: Босағада тұрмай, отырсайшы. Ертең «Жігіттердің» концерті.

Арман: Білемін.

Айым: Сен өткенде алған екі билет қайда?

Арман: Қуанышқа бердім. Саған керек пе еді?

Айым: Менде екі билет бар.

Арман: А, иә, сен жігітпен барасың ғой.

Айым: Жок, бармаймын.

Арман: Неге? Ол сені ренжітті ме?

Айым: Жок. Мен сенімен барайын дегенмін.

Арман өз құлағына өзі сенбеді. Өні әлде түсі екенін айыра алмады.

Арман: Не дедің? Жаңылыс естіп қалмадым ба?

Айым: Егер қаласаң, қарсы болмасаң, концертке бірге барайық.

Арман: Мирас ше?

Айым: «Оған бара алмаймын, сабақ оқуым керек, үлгере алмай жүрмін» дедім.

Арман: Оны алдадың ғой.

Айым: Сенің көңіліңді қайтарғым келмеді.

Арман: Келістік. Ертең бірге «Жігіттер» тобының концертіне барамыз.

Арманның қуанышында шек жоқ. Айыммен концертке баратын болды. Оны ұнататынын айтуға ең қолайлы сәт. Бірақ көз алдына Мирас келгенде, көңілі су сепкендей басылды. Оны аяды.

#### Бесінші акт

##### Бірінші сахна

Арман билеттерді Қуанышқа сыйлап қойған еді. Айымның Арманмен баратынын білген соң, ол Айханымға концертке баруға ұсыныс жасады. Сөйтіп, Арман мен Айым, Қуаныш пен Айханым бірге қалалық мәдениет сарайына баратын болды. Алайда түсте Арманның шұғыл жұмыстары болды да, Қуанышқа үйге сәл кешірек келетінін ескертті. Кешігіп жатса, өзін күте тұруын өтінді. Мұны найдаланған Қуаныштың ойына бір жоспар келді.

Айым мен Айханым әдемі көйлектерін киіп, боянып дайын отыр. «Жігіттерді» көретіндеріне маз.

Айым: Айханым, мен Мирастың арқасына пышак салғандай болдым, иә? «Бармаймын» деп жалған айттым. Ол мен үйде сабақ оқып отыр деп ойлайды. Ал мен болсам көңіл көтеріп жүрмін.

Айханым: Қойшы, ол сенің күйеуің бе еді? Жок! Арманмен бірге концертке барғанда не бар екен.



**Айым:** Сонда да ыңғайсыз. Көңілім жай таппай, мазасызданып отырмын.

**Айханым:** Бәрі жақсы болады, алаңдама.

**Бөлмеге Қуаныш кірді.**

**Қуаныш:** Қыздар, дайынсындар ма?

**Айым:** Арман қайда?

**Қуаныш:** Ол бізді мәдениет сарайының жанында күтіп тұр. Менің бір досым келген, сол көлікпен апарып тастайды. Жүріндер.

**Айханым:** Жарайды.

**Қуаныш.** А, айтпақшы, Айханым, жана жатақхананың директоры саған дереу келіп кетсін деген. Маңызды дейді. Осында келе жатқанымды көріп, маған айта салшы деді.

**Айханым:** Туф-ф-ф, бұнысы несі? Бірдене болып қалды ма екен? Сол баяғы кезекшілік мәселесін ретте дейтін шығар. Мен қазір кіріп шығайын.

**Қуаныш:** Онда біз Айым екеуміз жүре берейік, сен өзің келерсің.

**Айханым:** Күте тұрындар, көп болмайтын шығармын.

**Қуаныш:** Жаңа оған Майра апай кірді Соған қарағанда аздап кідіресін.

**Айым:** Иә, сенін барғаның дұрыс. Оның мінезін білесің ғой, айтқанын істемесең «аяғыңнан шалып жүреді». Көңіліне жақпасан, жатақханадан шығарып жіберуі мүмкін.

**Айханым:** Жарайды, бара беріндер. Кешігіп қалмаңдар. Мен шаруаларым біткен сон барармын... Неге кеш болғанда шақырған, одан басқа уақыт жоқ секілді. Көңіл-күйімді бұзып жіберді тура.

**Қуаныш:** Досымды бөгемейік, күтіп қалды. Ол асығыс еді. Сонымен, біз Айым екеуміз кеттік, сен сәлден сон кел, Арман болса бізді сол жақта күтіп отыр. Дұрыс айттым ба бәрін?

**Айым:** Дәл солай.

**Екінші сахна**

**Қуаныш пен Айым далаға шықса, жатақхана алдында ауылдың соқпақ жолдарымен жүретіні анық байқалып тұрған, жүрсе сынып кететіндей көрінетін бір «Жигули» тұр. Қуаныш Айымды сол көлікке қарай алып барды. Ішінде екі жігіт отыр екен.**

**Айым:** Сәлеметсіздер ме?

**Жүргізуші:** Сәлем, сұлу қыз!

**Қуаныш:** Ал, достым, кеттік. Айым, телефоныңды бере тұршы, әндер жазып алайын дегенмін.

**Айым:** Міне, ала ғой.

**Қуаныш:** (ішінен) Басы жаман емес. Телефонды сондіріп қояйын, әйтпесе ана Арман қоңырау шалып қалса... Жігіті де хабарласып қалуы мүмкін.

**Айым:** Біз концертке барамыз ғой. Сіз басқа көшеге бұрылдыңыз.

**Қуаныш:** Қазір мына досымды апарып тастайық, сосын барамыз.

**Айым** Кешігіп қалмасак болғаны.

(ішінен) Мына онбағанмен баруға қалай ғана келістім. Осы Қуаныш маған ұнамайды. Түрі суық, содан-ақ жақсы адам емес екені корініп тұр. Сабакқа бармайды. Күні бойы ұйықтайды, түні бойы қыдырады. Аузынан темекісін тастамайды. Осындай екенін біле тұра көлікке міндім. Айханыммен қалуым керек еді, оны жалғыз тастап кеттім.

**Үшінші сахна**

**Арман жүгіріп жатақханаға кірді. Айымды алып кету үшін. Сол кезде дәлізде Айханыммен кездесіп қалды.**

**Айханым:** Арман, сен неге келдің? Қуаныш пен Айым барған жоқ па?

**Арман:** Қайда? Олар қайда кетті?

**Айханым:** Концертке.

**Арман:** Жок, мен Қуанышқа сәл кешігіп келетінімді айтып, мені күтуін сұрап едім ғой.

**Айханым:** Қуаныш: «Арман ГДК жақта күтіп жүр» деді.

**Арман:** Қызық... Ал сен неге бармай жүрсің?

**Айханым:** Қуаныш Сәуле Берікқызы шақырып жатыр деген соң барғанмын, ал ол кісі мені шақырмапты.

**Арман:** Сонда Айым мен Қуаныш бірге кетті ме?

**Айханым:** Иә, Қуаныштың досының машинасымен.

**Арман:** Бәрі біртүрлі. Мұның астарында басқа бір нәрсе бар сияқты. Айымға хабарласайыңшы.

### Екінші сахна

**Арман мен Айханым жатақхана алдында тұр. Екеуі Қуанышқа да, Айымға да сабарламаса алар емес. Телефондары өшірулі.**

**Айханым:** Бұларға не болды екен? Әлде жол апатына ұшырады ма? Жок, бірден жаман ойламайын.

**Арман:** Мен ойлағандай болмасын...

**Айханым:** Сен не ойлап тұрсың?

**Арман:** Өткенде Қуаныш Айымға ғашық болып қалдым деген, мен болсам оған аса зор мән бермедім. Ақымақ басым-ай.

**Айханым:** Тұра тұр, сонда сен Қуаныш Айымды алып қашты деп ойлайсың ба?

**Арман:** Мүмкін.

**Айханым:** Қойшы, қорқытпашы мені.

**Арман:** Уақыт өткізуге болмайды.

**Айханым:** Сонда не істейміз?

**Арман:** Дереву көлік тауып, Қуаныштың ауылына бару керек.

**Айханым:** Ол қандай ауыл? Көлікті қайдан табамыз?

**Арман:** Қаладан 50 шақырым жерде. Көлікті қайдан табатынымызды білмеймін.

**Айханымның телефоны шырылдады.**

**Айханым:** Алло, Мирас?

**Мирас:** Привет, Айханым: Айым жаныңда ма, сабақ оқып отыр ма? Телефонды берші, ренжімесен. У нее мобильный телефон отключен.

**Айханым:** Қасымда емес, қайда екенін білмеймін. (жылап жіберді)

**Мирас:** Не болды? Что с Айым? Сен қайдасың?

**Айханым:** Білмеймін, жатақханадамын.

**Мирас:** Мен қазір келемін.

**Мирас көлігімен тез келді. Арман мен Айханым оған барлық жайтты айтты. Үшеуі көлікке отырып, Қуаныштың ауылына бет алды.**

### Бесінші сахна

**Айым мен Қуаныш және жүргізуші бар көлік қала сыртындағы жолмен келеді. Айымның денесі қорқыныштан қалтырай бастады.**



**Айым:** Біз қайда бара жатырмыз? Мені осы жерде қалдырып кетіңдер. Ешқайда да бармаймын.

**Жүргізуші:** Менін үйіме бара жатырмыз. Сыйлы қонақ боласың.

**Айым:** Кімнің үйіне болсын бармаймын. Қонақ қылып, күтпей-ақ қойыңыз. Көлікті тоқтатыңыз, мен шығамын.

**Жүргізуші:** Сұлуым, не болды? Саған жамандық ойламаймыз.

**Айымның денесін үрей биледі. Не ойларын да білмеді. Жаны түршігіп кетті. Жүріп келе жатқан көліктің есігін ашып, секіріп кетпекші болды.**

**Қуаныш:** Мұнын не? Өлейін деп пе едің?

**Айым:** Сендермен осылайша, қайда кетіп бара жатқанымды білмей, еркімнен тыс отырғанша өлгенім артық.

**Жүргізуші:** Менін үйіме, қонаққа дедім емес пе?!

**Қуаныш:** Қорықпа, саған қастандық ойламаймын ғой. Керісінше, қуана бер.

**Айым:** Қуанатын дәнеңе жоқ.

**Осылай сөз таластырып келе жатқанда көлік бір ауылға бұрылды. Ауыл іші қаранғы. Кейбір үйлердің шамдары ғана жарық беріп тұр. Тыныштықты әр жерден үрген иттердің даусы бұзады. Көлік шеткі көшедегі екінші үйдің жанына барып тоқтады. Бұдан басқа тағы үш-төрт көлік тұр екен. Үй ішінен шыққан адамдар қарасы көбейе түсті.**

**Жүргізуші:** Келдік.

**Қуаныш:** Жүр, түсеміз.

**Айым үн-түнсіз. Тірі өлік сияқты кейіпте. Мәселенін бәрін енді ұқты. Жол бойы «олай бола қоймас» дегенмен ойындағысы дәл келді. Оны алып қашып келді. Келін қылып түсірмек. Не істерін білмеді. Көз алдына ата-әжесі, әке-шешесі, туыстары, достары келді. Арман мен Мирастың бейнесі елестеді.**

**Қуаныш:** Көліктен түссеңші.

**Жүргізуші:** Құттықтаймын, сұлуым! Келін болдың. Осы шанырақты бақытты қыл. Туыстар, ағайын! Келінді қарсы алыңыздар. Келін сіздерге, көрімдік маған.

**Қуаныш:** Сен бәрін өзін де түсініп отырсын. Мен саған бір көргеннен ғашық болдым. Саған деген махаббатым шексіз. Сені ешкімге де қимаймын, сондықтан алып қашуға бел байлады. Атадан келе жатқан дәстүр ғой. Оған қарсы бола алмассың. Бұрындары әжелеріміз аталарымызды білмесе де тұрмысқа шығып, үлкен бір әулеттің тірегі болды емес пе?! Қазіргі таңда да жас отаулардың үштен бір бөлігі осылай құралып жатыр. Біз де солардың біріміз. Мүмкін, қазір сен мені жек көріп отырған шығарсың, бірақ бәрі жақсы болады. Мен сені бақытты етемін. Кәне, енді ата-енеңді, қайынжұртыңды көп құттirme. Екеуміз ен жақсы отбасы боламыз, маған сен.

**Айым оның сөздерін естiсе де естiмегендей болды. Бұл тұзаққа қалай түсіп қалғанын аңғармады. Туған-туыстарының жүзіне қалай қарарын білмеді. Осы сәтте пысық жеңгелердің бірі көлікке келіп, есігін ашты.**

**Жеңге:** Айналайын, келінжан, қош келдің! Келген қадамың құтты болсын! Кәне, қысылма, жүре ғой.

Айымның қолынан тартып, көліктен шығарып алды. Аулада жиналған 20-30 шақты адамның бәрінің назары Айымда. Ол мұндай көріністі көріп шошып кетті. Басына орамал салғалы тұрған әженің қолын қақты.

**Айым:** Мені күштеп әкелді, қалмаймын, кетемін.

**Қуаныш:** Олай деме, ұят болады.

**Айым:** Ал сенін мені еріксіз әкелгенің ұят емес пе сонда? Келген жолыммен кетемін.

**Женге:** Қарағым, сабана түс, жылама.

**Әже:** Келін болып түскен қыздың бәрі осылай дейді. Шырағым, біздің үйге келін болып түскен соң, сені ешқайда жібермейміз. Кеткің келсе, мына 80-ге таяп қалған мені аттап, бірақ барасын.

Айымның есіне анасының сөздері түсті. «Қайтып келген қыз жаман». Қыз бала болған соң бәріне төзіп, шыдау керек. «Төркініне қайыңжұртымен сыймай, қайтып келіпті» деген сияқты сөздер қыздың туыстарын жерге қаратады» деуші еді.

**Әже:** Бісмілләй! Мына ақ орамалды басына байлады, қызым. Осы ақ түс секілді сен де жана үйіңе құт-береке әкелгейсін. Енді жоғары шық, айналайын, он аяғыңмен босағаны аттап, үйге кір.

Біраз уақыт үнсіздік орын алды. Айым тұрған жерінде қатып қалғандай болды. Аяғын басып, босаға аттауға дауаламайды. Жүрегі, ойы жібермейді. Оң жағынан әже, сол жағынан жеңгесі ұстады.

**Әже:** Қызым, босағаны аттап, мына ақ кілемге аяғыңды баса ғой.

**Женге:** Айналайын, бүгіннен бастап сен осы шанырақтың қызысың, ұялма.

Айым аяғын әрең көтеріп, босағаны оң аяғымен аттап, жерде жатқан аққа тигізді. Жан-қақтан «Құтты болсын!», «Берекелі болсын!», «Жастар бақытты болсын!» деген сияқты тілектер айтылып жатты. Қуаныш Айымның жанына жақындады.

**Қуаныш:** Мен сондай бақыттымын! Енді сол аяғыңмен босағаны аттап, үйге кір.

Осы кезде үйдің алдына келіп, тоқтаған көлік даусы естілді. Айым жалт бұрылып, артына қарады. Арман мен Миранның көздерінен жас моншақтарын көрді. Жүрегі дір ете түсті. Дөреу қастарына барып, екеуінің де көз жасын сүрткісі келді. Бояумен бірге ағып жатқан Айханымның жанына баруды ойлады. Құрбысын қатты-қатты құшақтап, жасын тоқтатқысы келді. Бірақ, тым кеш еді...

Құндыз Қабылденова  
С.Торайғыров атындағы Павлодар  
мемлекеттік университетінің  
4-курс студенті



*Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жол осы деп әділетті.*

*Осы үш сүю болады имани гүл,  
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ біл,  
Ойлан дағы үшеуін таратып бақ,  
Басты байла жолына малың түгіл.*

Абай

### Хиджаб киген дұрыс па?

Хиджаб кию мәселесі қазіргі уақытта көпшіліктің көкейінде туындаған сұраққа айналды. Хиджаб деген өзі не нәрсе? Бұлай киіну үрдісінің етек алғаны дін саясатының ықпалы ма, әлде ислам дінінде нақты бұл туралы айтылған тұрақты заң бар ма? Бұл киім үлгісіне қазіргі қоғамдағы адамдардың көзқарасы қандай? Орамал тағудың әйелдер үшін қаншалықты пайдасы бар? Осы сауалдарға жауап іздеп, бір жағы жастардың пікірін білу мақсатымен бұл тақырыпты арнайы сөз етіп отырмыз.

Хиджаб киген әйел затын көргенде әр адамның әрқалай сөз ететіні даусыз. Хиджаб кию туралы көпшілік адамдар, оның ішінде зиялы қауымның өкілдері «Бұл киім үлгісі – араб халқының киім үлгісі, бұл діни ұйымдардың, адасқан ағымдардың істеп отырған саясаты», «Бұл мүлдем дұрыс емес, қазақ халқы олай киінбеген» деген пікірлерін алға тартады.

Бұл киім үлгісі көпшілік айтқандай ислам дінімен бірге келді ме, әлде одан бұрын болды ма деген мәселеге тоқталсақ, исламтанушы ғалым Қ.Жолдыбайұлы өзінің «Имани гүл» атты еңбегінде бұл тарапта былай дейді: «Ең алдымен, киім киюдің бұл үлгісі – ислам діні әкелген жаналық емес. Бұл үрдіс еврей мен христиан дінінде де, корей, жапон сияқты көне мәдениеттерде де бар... Әйелдің ормалсыз жалаңбас жүруі жалаңаш жүрумен тең саналғандықтан, иудаизм ормалсыз жүрген әйелдің жанында дұға сияқты ғибадаттарды жасауға тыйым салады.



Еврей діні бойынша, орамал тағу әйелдің абыройы мен беделін, әлеуметтік жағдайын білдіреді. Сондықтан төменгі таптағы әйелдер жоғарғы таптағы әйелдердің қатарында көріну үшін орамал тағуға тырысатын...».

Ал «хиджаб» сөзінің жеке мағынасын қарастырған кезде арабшадан қазақ тіліне аударғандағы мағынасы «әурет жерді жабу» болып келеді екен. «Әурет жер» деген не? Әурет жер дегеніміз – тысқа, яғни, адамдарға көрсетпей жауып ұстайтын жер. Мұның өзі ер адамдар мен әйел адамдарда екі бөлек. Әйел адамдарда бет пен екі алақан, аяқтың тобықтан төменгі жағынан басқа жерінің бәрі әурет болып саналады.

Осы жайттар Құран Кәрімде арнайы айтылған ба? Бұл туралы Құран аяттарының бірнеше жерінде кездеседі. Мәселен, Құранда Ахзаб сүресінің 59-аятында Аллаһ Тағала айтады: *«Әй, Пайғамбар! Жұбайларыңа, қыздарыңа және мүмін әйелдерге айт: Үстеріне бүркеншіктерін орансын. Бұл олардың танылуларына, сондай-ақ кемсітілмеулеріне жақынырақ»*. Бәлкім, бұл талаптар намаз оқығанда орындалуы керек шығар.

Хиджаб туралы айтқанда айта кету керек тағы бір маңызды мәселе – әйелдер денсаулығы. Қазіргі қоғамда әйелдердің кеудесін ашып жүру салдарынан кеуде (көкірек) рагы ауруының белең алуы медицина саласында да өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мұндағы айтайын деп меңзеп отырғанымыз – орамал тағудың медициналық тұрғыдан да пайдасы зор екен. Осы жайлы ең алғаш «Қыздарға мұсылмандық тәрбие» деген кітапты оқыдым. Орамал тағудың пайдасы туралы С.Асфендияров атындағы мемлекеттік медицина университетінің емдік гигиена кафедрасының менгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Қарлығаш Тоғызбаева зерттеген екен. Сонда ол орамал тағудың физиологиялық пайдалары бар екендігін айта келіп, «Ер адамдар көбіне жерден, әйелдер көктен қуат алады» дейді.

Сондықтан да болар, әйел шашы магнит тәрізді ауадағы кір-лас қуатты жинағыш келеді. Бұл оның, әсіресе, бас ауруына ұшырауына әсер етеді. Профессордың өз тәжірибесінде кездескендей, орамал тартқаннан кейін, «басының сақинасы» ауруынан жазылып кеткендер болыпты. Сонымен қатар, басқа дерттерден жазылып кеткендердің аз емес екендігін алға тартады. Және ашық киініп жүрген әйел көктен өзіне қажет емес, артық қуат алу салдарынан, әйел адамда ер адамдарға тән гистостерон гормоны пайда болады екен де, нәтижесінде ағзаның гормоналды бұзылуы етек алып, жыныс органдарындағы қатерлі ісік, т.б. ауруларға жол ашатындығын айтады. Бұл да бір дәлелді, адамды ойландыратын жайт екен. Сонда арнайы маман ғалымдарымыздың зерттеп білгендері осы болса, ал біз білмейтін жайлар қаншама?!

Қысқасы, біз мұнда әр түрлі көзқарасты тудырған хиджаб туралы мәселеге аздық-көпті тоқталғанда, хиджаб киген дұрыс деп шешім қабылдап немесе оны киюге насихаттап отырғанымыз жоқ. Қазіргі уақытта қоғамдық ортада хиджаб киген қыздарды көріп «осылай киінгеннің жөні қалай?» деген сауалдар кез-келген жанның көкейінде тұратыны белгілі. Осыған орай хиджаб кию мәселесі төңірегінде ой өрбітіп, оқырман қауымның ойын білгіміз келді.

Құрметті оқырман, осы тақырыпта сіздердің ойларыңызбен бөліскіміз келеді. Айтар ой-пікірлеріңіз болса, хат жазып, хабарласуларыңызға болады.

**Гүлнұр Батырханова**

*Қазақ филологиясы және әлем тілдері  
факультетінің 4-курс студенті*



## Жаратылыс құдіреті


Күнделікті тіршіліктің күйбеңімен айналамыздағы таңғажайып табиғат құбылыстарына, үлкенді-кішілі жаратылыстарға мән бере бермейміз, тіпті, кейде елемейміз де. Пендені иманға жетелеу үшін алуан түрлі дәлелдер келтірген қасиетті Құран Кәрім бірде көкті, бірде жерді, бірде өсімдіктерді, енді бірде жануарларды сөз еткенде, олардың жаратылысындағы ғажайып сырлардан хабардар етеді. Жалпы, жаратылыс Аллаһты танытатын ерекше алып кітап тәрізді. «Құранның әрбір сөзі – бұлжымас заң» деп Шәкәрім атамыз айтқандай, айналымыздағы жаратылыстың ғажайып сырларын ерекше алып кітапқа сүйене отырып ұғуға тырысайық.



*«Жер мен көктің жаратылуында және күн мен түннің алма-кезек өзара алмасуында ақыл иелері үшін (Алланың бір нәм бар екендігін) білдіретін айқын дәлелдер бар» («Әли Ғимран» сүресі).* Иә, «ақыл иелері» біздер жан-жағымыздағы ғажал жаратылыстарға зер сала отырып, Алланың «Құдірет қаламынан» шыққан «Ғалам» атты алып кітапты оқу арқылы Ұлы Жаратушының шеберлігі мен шексіздігін, құдіреті мен құзіретін, теңдессіз өнері мен өлшеусіз білім иесі екенін мойындаймыз.

Аспандағы сансыз жымындаған жұлдыздар мен планеталар бір-бірімен қақтығыспай өте нәзік есеппен, керемет жүйемен миллиардтаған жылдар бойы


тіршілік етуде. Жер шары сағатына 1670 шақырым жылдамдықпен өз-өзін айналса, күнді сағатына 108000 шақырым айналады. Егер осындай жылдамдықпен жүретін көлік болса, бүкіл әлемді 22 минутта айналып шығуға болады екен. Сондай-ақ сағатына 200 шақырым жылдамдықпен келе жатқан автокөлік кенеттен оқыс тоқтаса, терезе әйнегі быт-шыт болып сынаатыны сөзсіз. Ал енді біздің жер шары бір мезет тоқтамай тұрақты жылдамдығын азайтса, жер бетіндегі күллі зат атаулы ғарышқа тарыдай шашылып кетер еді... Осыған байланысты Алла Тағала «Тәбарак» сүресінде: *«Жеті қабат аспанды бір-біріне үйлесімді етіп жаратқан – ол Алла. Рахманның жаратуында ешбір ақау, жүйесіздік көре алмайсың. Сал көзіңді, көре аласың ба бір ақау? Сосын көзіңді қайта-қайта бұрып қара! Көзің ешбір ақау таба алмағандықтан шаршап, талған күйде саған қайта оралады»,* – деп аспан әлеміндегі керемет жүйені, ақаусыздықты баяндайды.



Кәдімгі қарды жай көзімізбен қарағанның өзінде әрбір қар түйіршігінің бір-біріне ұқсамайтынын көреміз. Қазіргі ғылыми зерттеу бойынша 1 мм қарда 350 миллион қар түйіршігі бар деп жобалануда. Бұлардың әрқайсысы әр түрлі симметриялы ою-өрнекпен безендірілген хрусталь тәріздес алты бұрышты пішінде екенін білесіз бе? Қар түйіршіктерінің бұл ғажайып сыры соңғы 100 жылда ғана белгілі болды. Жер бетіндегі барлық қар түйіршігінің бір-біріне ұқсамайтын алты бұрышты әрі геометриялы пішінде болуы Ұлы Жаратушымыздың



ендессіз шеберлігі мен барлық қардың пішінін білетін шексіз ілімінің белгісі болса терек...



«Раббың бал арасына: *«Таулардан, тағаштардан және адамдардың салған құркелерінен ұя жасап ал. Сосын әр түрлі жемістерден же де, Раббыңның саған оңтайластырған жолымен жүр»*, – деп уахи етті. Араның қарнынан адамға шипалы түрлі-түсті бал шығады. Әлбетте, мұнда айланған қауым үшін гибрат бар». («Нахл»/58-69).

Бал арасы мындаған гүлдерге ұшып қонып жүріп бал жинайды екен. Ол компассыз-ақ күнге қарап қайта айналып ұясын таба алады. Керемет инженер сияқты алты бұрыш етіп, геометриялық пішінде бал ұяшығын жасайды. Неліктен алты бұрыш десеніз, бұндай ұяшық жасауда ең аз материал қолданып, оған ең көп мөлшерде бал сияды екен. Бал ұяшықтарын жасағанда бір топ ара бөлек-бөлек жерден бастап, бірдей өлшемде алты бұрыш жасап, бір-бірімен біріктіре отырып, бал ұяшықтарын тоқып, сосын барлығы ортада кездеседі екен. Біріктірілген тұстары өте шеберлікпен іске асқандықтан қосылған жерлері мүлдем байқалмайды. Енді бұл жаратылыстың ғажаптығына қалай тан қалмайсың?!

Ақылсыз аралар бұның бәрін кімнен, қайдан үйренді? Бал арасы улы денесінің құрамынан, мын бір түрлі минералдар мен витаминдерге толы шипалы балды жасайды. Бұл да Ұлы Жаратушымыздың шеберлігі екені сөзсіз.



Құмырсқаны әлемнің ең күшті жәндігі десек те артық етпейді. Өйткені ол өз салмағынан 50 есе артық салмақты оп-оңай көтереді екен. Онда да арқаға салып емес, тіспен көтереді. Аллаһ Тағаланың жеке-жеке бөліп берген ісін әрқайсысы қалтқысыз орындайды. Қасиетті Құранда «Нәмл» (құмырсқа) деп аталатын арнайы сүре бар. Мұның өзіндік құпиясы да таңырқай қаратады.

Жалпы, Жаратушы барлық жаратылыстың, көк пен жер бетіндегі кез-келген тіршілік атаулының құпиясын аша түсуге, яғни, ғылыми зерттеп біле түсуге «ақыл иелеріне» табыстайды. Біз таңырқаған жаратылыстың басқа да беймәлім сырлары қазіргі таңда жылдан-жылға ашылып жатқаны да белгілі. Ал сол Құдіретті сезінген әрбір адам баласы ең алдымен өз-өзін иманды болуға тәрбиелейтін сияқты.

**Айгерім Өмірзакова**

*Қазақ филологиясы және әлем тілдері  
факультетінің 4-курс студенті*



**Рэп туралы көзқарас**

Өнердің қай түрі болса да халыққа эстетикалық тәрбие беруі керек. Біз – ғасырлар бойы өнердің туын асқақ та биік ұстап келе жатқан ұлт ұрпағымыз. Басқаны айтпағанда, музыка өнерінің өзінен ауыз толтырып мақтана аламыз. Қашан дүниеге келгені белгісіз болса да әліге дейін құнын жоймай ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып айтылып келе жатқан халық әндеріміздің өзі үлкен құндылық емес пе?! Сол әндер мен күйлеріңсіз қазақ дейтін қасиетті ұлттың өмірін елестету мүмкін емес еді. Өнер атаулыға ата-бабаларымыз ерекше тағампаздықпен қараған. Ән айтып, жыр жырласа да, күмбірлетіп күй шертсе де соның тәрбиелік мәніне баса мән бергені соншалық, оларды қалай болса солай қабылдай бермеген. Оған, әрине, сан ғасырлық сыннан өтіп бүгінде бізге жеткен халық әндері мен күйлері куә.

Қазіргі таңда музыка қоржынына көптеген ән өнері бойынша жаналықтар еніп жатыр. Солардың бірі, біз сөз еткелі отырған музыка жанрының бір түрі – *рэп*. Рэп (ағылшынша-гар, rapping) – тарсыл, дыбыс деген мағына беретін музыка, әдетте оқитын ырғақты тақпақ. Ал рэпті орындаушыны рэпер деп атайды. Алғаш Африка жерінде пайда болған рэп бұл күнде бүкіл дүние жүзін жаулап алды.

Бүгінде жастардың көбі рэпті тыңдайтынын көріп жүрміз. Осы орайда не үшін жастардың көбі рэпке құмар деген қызығушылық туып, соның төңірегінде аз да болса ізденіп көрген едік. Рэптің өз тыңдаушыларын мектеп жасындағы оқушылардан бастап, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне дейін қалыптастырғанын байқадық. Алайда жастар мен жасөспірімдер жағынан қолдау тауып отырған осы рэптердің сөздері эстетикалық талапқа сай келе ме? Мысалға, «Ashkazakh pro» деп аталатын топтың сөзіне назар аударайық.

Бауырым кайдасын?

Палау жеп атырм.

деп басталатын жолдардан әрі қарай:

Жағынды қарыстыр,

Менен алыс тұр.

Қазақ рэпінің ханын құрметтеу,  
Қазақи дәстүр.

Осылайша тыңдауға жағымсыз сөздермен жалғасып кете береді. Сонда сөздері қалай болса солай жазылған рэп өз тыңдаушыларына қандай әсерін тигізеді?

Рэп туралы жастардың өйін білу үшін Алматы қаласының көшесін аралап, жастармен сұхбат (интервью) жүргіздік. Рэп туралы өзінің көзқарасын білдірген жастардың пікіріне назар аударыңыздар:

**Дамир:** Мен рэп тыңдамаймын, ұнамайды. Адамның психологиясына кері әсер етеді, бұзады. Адам организміне жағымсыз әсер ететін, кері процесс тудыратын гармондар бөлінеді екен. Киімді теріс киіп алған сияқты, рэп те ата-бабамыздан қалған айтыстың кері түрі. Жастарға жақсы тәрбие бермейді. Мағынасы айтарлықтай емес.

**Ербол:** Аса ұнамайды, адам мінезіне әсер етеді. Менің достарымның арасында рэп тыңдайтындары да, тыңдамайтындары да бар. Қарап тұрсаң, рэп тыңдайтын достарым қызба мінезді, ұрда-жыққа жақын. Рэп тыңдамайтындары әлде қайда оларға қарағанда салмақты.

**Қуандық:** Менің машинамың музыкасында тек қана рэп. Рэп тыңдаған ұнайды, бірақ көбінесе Қайрат Нұртастың әндері ұнайды.

**Арайлым:** Маған өз басым рэп ұнамайды, себебі, сол өлең бола ма? Дым түсініксіз, өздері де не айтып жатқанын білмейді.

**Нұрсұлтан:** Ұнайды. Жастар тыңдайтын әуен ғой. Өз басым рэпке билегенді жақсы көремін.

**Мұқағали:** Ұнамайды. Себебі, тәрбие берерлік мағыналы сөздері жоқ. Мысалы:

Терезенің алдында

Күтіп тұрдым сені мен.

Бірақ сен мені

Көрсең де көрмей кетіп қалдың,—

деген сияқты ғой. Менің ойымша, бұндай рэптерге қарағанда Ерболаттың «Мен қазақпын» деген өлеңді рэп түрінде айтқаны қазақ жастарына өздерінің қазақ екенін таныта білді. Мектеп кезінде бұл өлеңді жаттамаған жастар Ерболат арқылы жаттап алды. Жалпы, рэптің пайдасы жоқ.

**Берікбосын:** Ұнайды. Рэп деген жақсы ғой  
өңілді жүресің. Ол шындықты айтады.

**Олжас:** Рэп деген не нәрсе ол? Тыңдағым да  
келмейді, тыңдамаймын да. Рэп деген нәрсе  
атымен құрып кетсе де менің ештенем  
кетпейді. Рэппен байланысым жоқ.

**Бауыржан:** Маған вообще ұнамайды.  
Психологтардың болжауынша, адам мінезін  
тыңдайтын әніне карап анықтауға болады  
екен. Одан арғысын, яғни, рэп үлгісіндегі ән  
тыңдайтындарды өзіңіз мінезіне баға беріп,  
саралай берсеңіз де болады.

**Айдос:** Рэп уақытша, как я считаю. Ал өленді  
шығарсаң хитовый болса, вечно айтады.

**Ержігіт:** Хип-хоп ол жастардың қалауы,

Ол махаббатпен әр нәрсенің алауы.

Рэппен өз мұңын жеткізеді,

Кейбіреулер өз трэгін өткізеді.

**Жадыра:** Маған аса ұнай қоймайды. Бірақ  
потриоттық рэптер де бар. Бұрынғы ата-  
бабаларымыздың толғаулары сияқты  
жастарға рух беретін, жігерін оятатын болса,  
онда жақсы ғой.

Жоғарыдағы айтылғандар студент  
жастардың пікірі. Енді мектеп  
оқушыларының айтарына назар аударсақ:

**Дулат:** Маған қатты ұнайды. Жақсы ғой.  
Сөздері өте түсінікті, айтуға да оңай. Менде  
рэптің түр-түрі бар.

**Максат:** Маған музыкасы ұнайды, өлені  
емес, музыкасы. Сосын анау махаббат  
туралы өлендері болады ғой, сол ұнайды.

**Бекарыс:** Білмеймін, маған ұнайды рэп  
айтқан. Қазақша тыңдаймын ғой. Сөздерін  
тез жаттап алып, айтып жүрем өзім.

Жалпы, мектеп оқушылары сөзінің  
өңілдігіне, айтуға оңайлығына қызығар,  
бірақ рэптің қаншалықты пайдалы-  
пайдасыздығын ойламасы белгілі.

**Жас өнерпаз, эстрада әншісі Батырхан  
Сатиев** рэп туралы өз ойын былай деп  
жеткізді:

Негізі рэпті мүлдем тыңдамаймын. Бірақ  
әр өнердің өз тыңдарманы бар ғой, сол  
сияқты рэптің де өз тыңдарманы бар.

Ал халық өзіне керектісін теріп алады. Рэп  
бұл шетелден келген өнер түрі. Біздің қазақ  
жастары шетелге еліктеп жүр. Рэптің  
шынымен де тәрбиелік мәні аз. Себебі, онда  
небір сөздер айтылады, олар өздері не айтып  
жатқанын білмейді. Әйтеуір музыкаға еріп  
айтып жатқанына қуанады. Рэперлердің  
киімдері де бір түрлі, мәдениет дегеннен өте  
алшак. Ол жастарға дұрыс тәрбие емес. Рэп  
деген сөзбен айтылатын болғандықтан, ол  
жерде сөзіне баса мән беру керек сияқты.  
Тәрбиелік мәні бар, патриоттыққа  
шақыратындай боп айтылса жарар еді.  
Жастарға көп нәрсе керек. Ең әуелі  
имандылық керек. Бірінші кезекте дінімізді,  
тілімізді көздің қарашығындай қорғауымыз  
керек. Әр қазақ жастары өзінің қазақ екенін  
білсе екен. Өнер деген тәрбиенің құралы ғой,  
сондықтан жақсы әндерді тыңдап,  
имандылыққа бұратын жақсы сөздерді  
көбірек оқыса нұр үстіне нұр болар еді.

Арнайы рэп жазу және айтумен  
шұғылданып жүрген рэпердің өзімен де осы  
жайлы сұраған едік:

– *Рэпті қазір жастар көп тыңдай ма?*

**Алмас:** Жастар арасында 70% тыңдайды.

– *Сөздерін кім жазады? Арнайы ақындарға  
барасыздар ма?*

**Алмас:** Әрине, өзіміз.

– *Рэптің жастарға берер тәрбиесі  
қаншалықты деп ойлайсыз?*

**Алмас:** Нақты айтсақ, қазіргі көп жастар  
махаббаттан шатысып жатады, бір-бірін  
алдап қызық көретіндер көп, солар тыңдап  
сәл болса да сабақ алса дейміз.

– *Рэп жайлы жасы үлкен кісілер не айтады?*

**Алмас:** Әрине, жасы үлкен кісілер  
түсінбейді. Бірақ біз біреу үшін рэп жазып  
айтпаймыз, тек өзіміз үшін жазамыз.

– *Рэп жазу үшін көркем әдебиет, оның  
ішінде поэзияның пайдасы бар деп ойласыз  
ба? Өзіңіз соңғы рет қандай шығарма  
оқыдыңыз?*

**Алмас:** Негізінде рэпке поэзияның пайдасы  
бар. Бірақ ол кезде біздің лирика мимикаға  
айналады.

– *Рэп тыңдармандар арасында  
қаншалықты дәрежеге ие?*



**Алмас:** Рэп дегеннің шыққан түбі ертеректегі айтыс, термелерден пайда болған. Ата-бабаларымыздан терме, айтыстар сақталып қалды ғой, рэп те дәл солай жастардың жүрегіне жетіп сақталар деген үміттеміз.

– *Рэпте махаббат тақырыбынан өзге қандай әлеуметтік тақырыптар көтеріледі?*

**Алмас:** Әрине, айтылады. Ел ішіндегі кемшілік, жоғарғы жақтағы қателіктер ашы шындық болып айтылады. Мысалы мынадай:

Өмір өзгеруде, бізде өзгеруіміз тиіс,  
Бәрінің ойында шығынсыз жасау кіріс.  
Қара жұмыс жасауға бәріміз ерінеміз,  
Жеңіл ақша табуға бәріміз үйренгенбіз.

Рэпті таңдауым, рэп мені таңдауы. Менің көздегенім қазақша рэпті тоқтатпау.

Әрине, кім өз ісін жаман деп айта алар дейсіз? Бұл кісілер тек рэпті айтуды көздейді. Өз тындармандары көбейсе соған қуанады. Рэптің тәрбиелік мәніне терең бойлап, оның жақсы-жаманын ажыратып жатпайтын сияқты.

Махаббат туралы «Жауапсыз махаббат» деген Шоқан мен Сәбина айтқан мына рэпке назар салайық:

Бәрі де жақсы еді,  
Бірақ бізге қайғы келді.  
Сезімді сенің от болғандай  
Ол өртеп кетті.  
Көңілінде бір түрлі ойлар болғанын  
Мен білгенмін.  
Бірақ та бәрі өтеді деп,  
Саған сеніп едім.  
Жүрегіңді жылытуға  
Амалдар іздеп көрдім.  
Уақыт та аз болған соң,  
Сені сақтауға үлгермедім.

Бұл өлең махаббат жайлы жазылса да зер сала оқыған адамға ешқандай әсер ете алмайды. Сонда әр нәрсеге тез еліктеп, енді ғана есейіп келе жатқан жасөспірімдер сөзі жеңіл осындай өлеңдерді жаттап өссе қалай болады?

Жалпы, адамгершілік пен имандылыққа баулитын терме-толғауларды, отан-сүйгіштікке шақыратын жігерлі, рух

серпілтетін патриоттық әндерді; сезімталдыққа, әдемі әсерге бөлейтін махаббат әуендерін тыңдап өссе дегіміз келеді. Қазіргі уақытта ұлттық дәстүрлі әндерді тыңдайтын жастар санаулы-ақ. Керісінше «Қатықты жақсы көрем, ішпеймін айран», «Басыңды көтер бауырым, салбырап жерге қарамай», «Көзіне жылы, құлағына жағымды», «Махаббатына өшігіп, арқалады нәзік жүрегім, Оттай жанған сезімім, қаламайсың сен сөнгенін» деген сияқты өлең мәтіндерін, тіпті, айтуға болмайтын дөрекі сөздерді де әнге қосып, оған бейнеклип түсіріп, интернетке жариялап жіберген. Осындай «паразит» әуендер қоғамды ластауда. «Халықты жаулауға даңғырлаған музыка жеткілікті. Сол даңғырлаған музыканы естіген халықтың әуелі миы уланады, сосын рухани азғындалады» деген ХХ ғасырда Гитлер айтқан сөз ХХІ ғасырда шындыққа айналған сияқты. Алайда, «Қасқыр, арыстанға бола алмайды тақсыр» деп рэперлер өздері айтқандай, олар ешқашан халық музыкасынан асып кете алмайтыны тағы да аян.

Ойымызды түйіндей келгенде, айтпағымыз, «Халықтың жанын музыкасыз, әнсіз, бисіз жанарту мүмкін емес», – деп С.Торайғыров айтқандай, біздің әніміз жан тербетер мәнді, жүрек тебіренер әсем болуы шарт. С.Торайғыров «Өлең хәм айтушылар» деген мақаласында тағы да мынадай өзекті ой айтады: «Байқаймысың, біздің қазақ ән құмар халық. Газет оқып, не шарифат айта бастасаң, құлағын салар-салмас шеттеп кетеді. Біреу қолына домбыра ұстап ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиылып, сегіздегі бала, сексендегі шалына дейін қалмай камалап, айтшы-айтшылап жанын жағасына келтіреді. Мағынаны керек қылмаса да, әнге бола жиылады. Бара-бара не болса да сол әндегі рух сүйегіне сінеді, құлағында қалады». Біз осы ойды негізге ала отырып қазіргі заманның музыкасы: рэп санамызды улап, бойымызды билеп, рухымызды ластамаса екен деген ниет білдіреміз.

*Гүлзат Дәуітәлі*

## Құрметті оқырман!

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде ресми тіркелген «Алашшыл жас» студенттердің әдеби-танымдық журналы 2013 жылдан бастап 3 ай сайын жылына төрт рет шығып тұрады.

«Алашшыл жастың» қолжазба журналы ең алғаш 2011 жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына және қазақтың тұңғыш журналы «Айқаптың» 100 жылдығына тарту ретінде Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің Қазақ әдебиеті кафедрасындағы «Ізденіс» үйірмесінің шығаруымен жарық көрген болса, бүгінде ресми тіркеуден кейінгі шыққалы отырған журналымыздың алғашқы саны да «Қазақ» газетінің 100 жылдығына тарту етілмек.

Журнал жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми мақалалары мен көркем туындыларын, басқа да шығармашылық жұмыстарын жариялап тұруға ниеттенеді. Осыған орай журналымыздың мазмұны да әр түрлі айдармен беріліп отырады. Әсіресе, «Зерттеу: Алаш рухты әдебиет», «Ұлы даланың дара қыздары», «Кешегі студент, бүгінгі...» «Поэзия», «Проза», «Драматургия» сынды айдарлар үздіксіз беріліп отыратындығын ескертеміз.

Құрметті оқырмандар! «Алашшыл жас» сіздердің талап-талғамдарыңыздан шығуға талпынуда. Осы ресми тіркелген журнал санында да әдебиет сүйер қауымды елең еткізер жаңалықтары бар ғылыми мақалалар жарияланып отыр. Оларды бағалайтын, әрине, оқушы қауым. Ал біз журналымыздың рухани азығы мол құнды дүниелерді жарыққа шығаратын сапалы басылымға лайық болуына барынша тырысып бағамыз.

*Редакция алқасы*



Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде есепке қойылып, 2012 жылдың 20 қарашасында №13157-Ж тіркеу куәлігі берілген.

## **БАС РЕДАКТОР**

**Күнімжан Сәдірқызы Әбдіқалық**

## **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

Адылбекова Фариза

Айдосова Азиза

Әлімтаева Сақыпжамал

Батырханова Гүлнұр

Дәуітәлі Гүлзат

Солтанбаева Талшын

### ***Редакцияның мекен-жайы:***

050000, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 114

2-кабат, 206-кабинет

### ***Байланыс телефоны:***

2 33 19 31;

8 778 312 92 33; 8702 453 70 80

### ***E-mail:***

[Alashshil-zhas@mail.ru](mailto:Alashshil-zhas@mail.ru)

Басуға қол қойылған күні: 20.03.2013 жыл

Түрлі-түсті басылым, қалпы 60x84/8

Шартты баспа табағы 6,5

Таралымы 500 дана. Тапсырыс №80

---

“Қыздар университеті” баспасы,  
050000, Алматы қаласы, Гоголь көшесі 116 үй

